



24 қараша, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

3 Жасай бер, менің қарашаңырағым!



4 Жер аты – тарих хаты



5 Жартығасырлық ұстаздық жол



6 Азулылар «алданып» жатыр



СЕНБІДЕ ПРЕЗИДЕНТ АНТ БЕРЕДІ

Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс өткізілген Президент сайлауының нақты қорытындысын жариялады. Сайлаушылардың 81,31 пайыз сеніміне ие болған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті ретінде тіркелді. Осылайша жаңадан сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент ретінде 26 қараша күні ант береді.

Бұл туралы мәлімдеген Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров аса маңызды саяси додада Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы дауыс бергенін жеткізіп, өзге де үміткерлер жинаған дауыс көрсеткішін айтты. Бұл ретте елдегі сайлаушылардың 271 мың 641-і (3,42 пайыз) Жигули Дайрабаевқа, 206 мың 206 (2,6 пайыз) адам Қаракат Әбденге, 200 мың 907 (2,53 пайыз) сайлаушы Мейрам Қажыкөнге, 176 мың 116 азамат (2,22 пайыз) Нұрлан Әуесбаевқа және 168 мың 731 сайлаушы (2,12 пайыз) Салтанат Тұрсынбековаға таңдау жасаған. Ал осы жолы енгізілген «Бәріне қарсымын» бағанын 460 мың 484 (5,8 пайыз) сайлаушы белгілеп отыр.

«Сайлаудың алдын ала қорытындылары ресми келіп түскен хаттамалармен расталды. Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық заңының 9-бабы 1-тармағына, 65-бабына сәйкес, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50 пайыздан астамының дауысын алған кандидат республика Президенті болып саналады. Осылайша, 2022 жылғы 20 қарашадағы кезектен тыс сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды», деді Нұрлан Әбдіров.

Жалпы еліміз бойынша сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құраған. Оның 69,44 пайызы, яғни, 8 млн 300 мың 46 адам дауыс берген. Сайлау күні президенттікке үміткерлердің 11 мыңнан аса сенімді өкілдері, халықаралық ұйымдардың 641, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушылары сайлау барысын бақылаған. Сонымен қатар, осы саяси науқанда БАҚ өкілдерінің белсенділігі де көрінді. Сайлау учаскелерінде 1225 қазақстандық, 23 елден 41 шетелдік ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдері тынымсыз ақпарат таратып отырған.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Президент сайлауы ұлттық заңнама мен халықаралық міндеттемелерге сай жүзеге асырылды деп атап өтті.

«Байқаушылар мен сарапшылар сайлаушылардың азаматтық ұстанымы мен электораттық белсенділігін көрсетіп қана қоймай, елдің мүддесі мен болашағы үшін жауапкершілік танытқанын, сондай-ақ, саяси науқанның жоғары деңгейде ұйымдас-тырылғанын, сайлау комиссиялары мүше-лерінің кәсіби даярлығы мен технологиялық жаңалықтар енгізе білгенін ерекше атап көрсетті» деп толықтырды Нұрлан Әбдіров.

«СБ» ақпарат

ШЫНАЙЫ ҰҒЫМАЛАСТЫҚ АСА МАҢЫЗДЫ



Кеше Мемлекет басшысы Ереванда өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысты. Армения Премьер-министрі Никол Пашинянның төрағалығымен өткен саммитке Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, кезектен тыс өткен Президент сайлауындағы жеңісімен құттықтаған жиынға қатысушыларға алғыс айтты.

– Қазақстанның аймақтағы одақтастарымен және серіктестерімен арадағы достықты, тату көршілікті және өзара тиімді ын-тымақтастықты жан-жақты нығайту жөніндегі стратегиялық бағыты өзгермейтінін атап өткім келеді. Біз алдағы уақытта да сіздердің мемлекеттеріңізбен екіжақты және көпжақты форматтағы қарым-қатынастардың жоғары деңгейін сақтауға күш саламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ аясындағы ынтымақтастықтың түрлі бағытына қатысты еліміздің ұстанымын жеткізді. Ұйымға мүше елдер басшыларының қорытынды кездесуі күрделі геосаяси қайшылықтар мен бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер жағдайында өтіп жатқанын айтты.

– Халықаралық істерде күшейе түскен тұрақсыздық ҰҚШҰ кеңістігін де айналып өткен жоқ.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ПӘРМЕН АЛАДЫ

Осыдан тура төрт күн бұрын Қазақстан халқы тарихи таңдау жасап, ең маңызды саяси науқанда белсенділік танытты. Орталық сайлау комиссиясының сейсенбіде нақтыланған қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айқын басымдықпен жеңіске жетті. Қасым-Жомарт Кемелұлына Қазақстан халқы жаппай өз қолдауын білдірді. Ендігі жерде Үкіметтің алдағы жеті жылдағы негізгі міндеті – сайланған Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын сапалы әрі нәтижелі түрде іс жүзіне асыру. Демек, экономикада, әлеуметтік салада және өңірлік саясаттағы түбегейлі өзгерістер пәрмен алатын болады. Бұл туралы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов сейсенбіде өткен Үкімет отырысында мәлімдеді.

Әрине, Үкімет басшысы атап өткендей, барлық мемлекеттік органдар мен ведомстволар осы мақсат үшін, яғни әділетті Қазақстан құру жолында халықтың мүддесін сай күш біріктіріп, жұмыла еңбек етуі тиіс.

«Үкіметтің жұмысы негізі-

нен экономиканы демонополи-зациялауға, кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға және азаматтардың табысын арттыруға, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін жаңғыртуға бағытталатын бола-ды», – деп шегелей түсті Премьер-министр.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА – ҰЛТ САУЛЫҒЫНА

Осы жолғы отырыста талқы-ланған мәселенің бірі – «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру жоспары.

2-бет

ЭКОНОМИКА

«ҚазМұнайГаз» IPO-сы: БІР АКЦИЯ – 8 406 теңге

Таяуда «Самұрық-Қазына» қоры «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының жай акцияларын алғаш рет жария түрде сатуға шығаратынын хабарлады. Енді әр қазақстандық IPO-ға қатысып, акция иесі атана алады. Осыған байланысты, IPO аясында рудшоу басталды. Жергілікті АІХ биржасында және Қазақстан қор биржасында ұсынылған «ҚазМұнайГаз» IPO-сын кеңінен таныстыру мақсатында өңірлерде жеке инвесторлармен кездесулер өткізілуде.



Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

2-бет

СҰХБАТ

Садык МҰСТАФАЕВ,
«Қайсар» Қызылорда облыстық
футбол клубы» ЖШС директоры:

«МЕН КЛУБТЫ ҚАРЫЗҒА КІРГІЗБЕЙМІН»

6-бет

МЕРЕЙ

КӨРЕРМЕНГЕ БАС ИДІРГЕН ҚОЙЫЛЫМ

Кеше Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында ақын-драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Иран-Ғайыптың «Мәңгілік елдің алтын адамы» атты драмалық дастанының тұсаукесер қойылымы өтті.

Жерлесіміздің 75 жылдық мерейтойына орай сахналанған шығармада он тоғызыншы ғасырдағы қазақ ауылы ішіндегі үлкен жанжалға ұласқан бір оқиға суреттеледі. Бұл істі шешуге келгенде билер де бітпесе алмайды. Осындай қиын-қыстау кезеңде жұртты қыр-ғыннан құтқарған Арғынбай батырдың анасы Қазына ана-ның соңғы шешімі болады.

Мәңгілік ел халқының бү-гінгі достығын, бірлігі мен ынтымақтастығын насихаттай-тын драма қайран қазақ ана-ларының ұлылығына бас идіреді.

Көрермен зор ықыласпен қабылдаған қойылым соңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мерейтой иесін құттықтады.

«Сыр өңірі – Түркі әлемінің аңыз, ортақ абызы Қорқыт бабаның, туған халқына жер-ұйық іздеген Асан Қайғының, найзалы батырлар мен найзағай ақындардың Отаны. Бұл сапты

қазақтың қабырғалы қаламгері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лау-реаты, арқалы ақын, дарынды драматург, Сырдың сандақ перзенті Иранбек Әбітайұлы жалғайды.

Исі қазақтың сүйіктісіне айналған заманының заңғары Мұқағали Мақатаев туралы жазған қаламгерлер көп-ақ. Бірақ, ақынмен үзегілес жүріп, тіні үзілмес жыр жазған Иран-Ғайыптан басқаны атау қиын. Өлең сөздің шын ба-ғасын беретін халық Иран-Ғайып ақынды Мұқағалимен мұңдас болғаны үшін де көкке көтеретіні рас.

Тәуелсіз елімізде тұңғыш өткен жазба ақындар жыр-мұшайрасының бас жүлдегері болуы да Иран-Ғайыптың ақын-дық дарыны мен арынын айғақ-тайды. Кітапханалар сөресінен оқырман қолына ұдайы көшетін ақын өлеңдері ең оқымалды



шығармалар саналады. Сіз бір дәуір ақындарының ұстазына айналдыңыз. Сіздің казак өлеңіне салған дара олжаңызбен бірге ұлттық драматургияға қосқан үлесіңіз де ерекше зор», – деді аймақ басшысы.

Сонымен бірге ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаевтың құттықтау хатын оқып, облыстың Құрмет грамотасын тапсырды. Ақын мен оның жарына ұлт дәстүрімен сый-сияпат жасады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемировтің режиссерлігімен сахналанған тарихи қойылымның басты ролдерінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Бақытбек Алпысбай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Залипа Төлепова, Мәдениет саласының үздіктері Арай Көшімбаев, Ұғым Баймаханов секілді белгілі артистер ойнады.

Бүгін театрда Иран-Ғайыптың «Топырағынды басқаным – тау асқаным» атты шығармашылық кеші өтеді.

«СБ» ақпарат



ШЫНАЙЫ ҰҒЫМАЛАСТЫҚ АСА МАҢЫЗДЫ

Біздің аймақта бүкіл Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылыққа, қауіпсіздікке нұқсан келтіретін жанжалдар әлі де жалғасып жатыр. Мұндай жағдайда ашық, шынайы, конструктивті диалогты сақтау және дамыту өте маңызды. Бұл – күрделі дағдарыстар мен қайшылықтардан шығудың тиімді әрі оңтайлы жолы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Президент армян-әзербайжан қақтығысын дипломатиялық жолмен реттеуге бағытталған шараларды қолдады.

– Армения мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуіне біріміз де мүдделіміз. Ресей тарапының бітімгерлік әрекеттері армян-әзербайжан қақтығысын тек саяси-дипломатиялық жолмен шешуге және екі жақтың бейбіт келісімге қол қоюына мүмкіндік береді деп үміттенеміз, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан-

дағы жағдайға арнайы тоқталды.

– Бұл мемлекеттегі жағдайды реттеу жолдарын қарастыру – ҰҚШҰ-ның онтүстік шекараларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Қазақстан осы елдің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін Ауғанстан басшылығымен өзара ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті. Біз Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетіп келеміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жанжалды шешудің бейбіт жолдарын іздеуге шақырды.

– Украина мәселесіне келер болсақ, бейбітшілік формуласын бірлесе қарастыратын уақыт келді деп ойлаймын. Кез келген соғыс бейбіт келіссөзбен аяқталады. Бітімге келудің кез келген мүмкіндігін пайдалану керек. Ыстанбұлдағы келіссөз раунды үміт сыйлаған еді, бірақ түрлі себептермен келісім іске аспады. Ондаған, жүздеген жылдарға созылатын өкпе-реніштен

бауырлас орыс және украин халықтары арасының алшақтауына жол бермеу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ұйым аясындағы іс-әрекетті одан әрі дамытуға байланысты бірқатар ұсыныс айтты. Соның ішінде ҰҚШҰ-ның бітімгерлік әлеуетін дамыту мәселесін жуық арадағы басымдық ретінде атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе армян тарапына және Никол Пашинянға ҰҚШҰ төрағасы ретіндегі табысты жұмысы үшін алғыс айтып, Беларусь Президенті Александр Лукашенконың 2023 жылы атқаратын төрағалығына сәттілік тіледі.

Сессия қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

Жоспарланған ротация аясында мемлекеттер басшылары Қазақстан өкілі Иманғали Тасмағамбетовті 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш жыл мерзімге ҰҚШҰ Бас хатшысы қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдады.

«ҚазМұнайГаз» IPO-сы: БІР АКЦИЯ – 8 406 теңге

Сондай жиынның бірі облыс орталығындағы «Прима Парк» бизнес орталығында өтіп, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өкілдері бөлшек сауда инвесторларымен кездесті. Жиында «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы мен Қазақстан қор биржасына шыққан «ҚазМұнайГаздың» жергілікті IPO-сы жан-жақты және кеңінен таныстырылды.

Кездесуде «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін жекешелендіру және қайта құрылымдау департаментінің аға менеджері Дамир Мамытов қордың жекешелендіру бағдарламасы мен ірі ұлттық компаниялардың IPO-сы туралы айтты.

– «ҚазМұнайГаз» IPO-сы – Үкімет бекіткен «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» іске асыру аясында өткізілуде. Үкімет пен қордың «ҚазМұнайГаз» акцияларының бір бөлігін еркін нарықта сату туралы шешімі әлеуетті инвесторларға компанияның акцияларын сатып алуға мүмкіндік береді, Қазақстандағы бағалы қағаздар және қор биржалары нарығының дамуына ықпал етеді. Мақсат – мемлекеттің үлесін азайту. Қор «ҚазМұнайГаздан» кейін басқа да ұлттық компаниялардың IPO-сын жоспарлап отыр. Айталық, 2023-2024 жылдары «Air Astana» мен «Самұрық-Қазына» активтерінің жасыл портфелі, «KEGOC» АҚ компаниясы шығады. Ал 2024-2025 жылдары «QazaqGaz» компаниясы, 2025 жылы «Қазақстан темір жолы» компаниясы шығатын болады, – деді Дамир Мамытов.

Айта кетсек, 7 қарашада «Самұрық-Қазына» қоры «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының жай акцияларын алғаш рет жария түрде сатуға ұсынып, IPO-ға шығатынын мәлімдеген еді. Үкімет пен қордың шешіміне сәйкес, IPO шеңберінде қор нарығындағы инвесторларға компанияның 5 пайызға дейінгі үлесін, яғни 30 505 974 акцияны сату ұсынылды.

«ҚазМұнайГаз» IPO-ға жоғары өндірістік және тұрақты қаржылық көрсеткіштермен келді. Алдағы уақытта бұл нәтижені жүзеге асып жатқан жобалар есебінен одан әрі жақсарту көзделген. Компанияның 100 пайыз акциясы 5,1 трлн теңгеге бағаланды. Сонда бір жай акцияның бағасы 8 406 теңгеден айналады.

Кездесуде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы қаржы департаментінің маманы Нұрәулет Нұрыш соңғы бірнеше жылдағы компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін баяндады.

– «ҚазМұнайГаздың» тұрақты қаржылық көрсеткіштері төленген дивиденд көлемін 2016 жылдың қорытындысы бойынша 45 млрд теңгеден 2021 жылы 200 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар компания болашақта акциялар құнының өсуіне себеп болатын бірегей жобаларға ие. Мұндай жобалардың қатарында «Теңіз» кен орнында өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік беретін Болашақ кенейту жобасы, сондай-ақ «Қашағанда» өндірісті ұлғайту бойынша жобалар бар, – деді ол.

Одан бөлек, «ҚазМұнайГаз» геологиялық барлау саласында құрылуда, теңізде де бірқатар жобаны белсенді жүргізіп келеді. Мұндай жобаларға «Торғай» палеозой блогында басталған геологиялық барлау, «Қаратон-Сарықамыс» геологиялық барлау жобалары және басқалары кіреді.

Ұлттық компания Каспий теңізінің қайраңындағы барлық барлау жобасына қатысады. Тәуекелдер мен шығындарды бөлу мақсатында халықаралық әріптес-

термен бірлесіп әзірленіп жатқан Абай, Исатай, Жәніс, Әл Фараби сияқты теңіз жобаларын да атап өтуге болады. Сондай-ақ Қаламқас және Хазар секілді теңіз кен орындары бар. Олардың мұнай қоры расталған, игеруді бастау алдағы жылдарға жоспарланған.

– Компания бизнесінің өсуі үшін тағы бір маңызды бағыт – мұнай-газ химиясы. Бұл бағытта был қуағы жылына 500 мың тонна полипропилен шығаруға жететін зауыт іске қосылды. Политилен және бутадиен шығаратын зауыттар салу жоспарлануда. Еске сала кетейік, осы жылдың 13 маусымында «ҚазМұнайГаз» «Самұрық-Қазына» қорынан «Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк» ЖШС-ның 49,5 пайыз үлесін сатып алды. Осылайша, «ҚазМұнайГаз» дайын полипропиленді сатудан түскен табыстың бір бөлігіне ие болады. Бұл компанияның қаржылық көрсеткіштеріне оң әсер етпек, – деді Нұрәулет Нұрыш.

Айта кетсек, бүгінде «ҚазМұнайГаз» компаниясының 100% акциясы 5,1 трлн теңгеге бағаланады. Шоғырландырылған активтері 32 млрд долларға тең. Бірінші жарты-жылдықтағы таза пайда 677 млрд теңгеге құрады. Компания қоржынында қазіргі өзінде өндіру, тасымал және мұнай өңдеу бойынша бірегей жобалар бар. Компания акцияларын брокерлер және олардың мобильді қосымшалары, бірқатар коммерциялық банктің мобильді қосымшалары, АІХ биржасының Tabus қосымшасы және «Қазпошта» бөлімшелері арқылы сатып алуға болады.

Сондай-ақ, кездесуде «SkyBridge Invest» АҚ инвестициялық банкінг департаментінің бас менеджері Нұргүл Амрханова, «Фридом Финанс» АҚ-ның Қызылорда қаласындағы филиалдың өңірлік директоры Берік Сылдық сөз сөйледі. Спикерлер «ҚазМұнайГаз» қызметі, инвестициялық тартымдылық факторлары және компанияның дивиденд бойынша саясаты туралы толық ақпарат, сондай-ақ IPO шеңберінде акцияларды ұсыну шарттары мен оларды сатып алуға өтінім беру рәсімі туралы мәлімет берді.

Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылы 9 қарашадан Астана уақыты бойынша сағат 12:00-де басталды және институционалды инвесторлар үшін 2022 жылы 30 қарашада сағат 18:00-де, ал бөлшек инвесторлар үшін 2022 жылы 2 желтоқсанда Астана уақыты бойынша сағат 15:00-де аяқталды.

Азаматтар акцияларды шығарған компаниядан оларды тікелей сатып ала алмайды. Ол үшін ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы бар инвестициялық делдалдарға, мысалы, брокерлер мен дилерлерге жүгіну қажет.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін кейбір қаржы ұйымдары биржадағы компаниялардың акцияларын өздерінің мобильді қосымшалары арқылы, шот ашып, оны толтыру, қағаздарды сатып алу-сату, соманы өз шоттарының арасында конвертациялау және басқа да мүмкіндіктермен сатып алуды ұсынады. Интернеті үнемі бола бермейтін, еліміздің шалғай өңірлерінде тұратын инвесторлар «Қазпошта» АҚ-ға жүгіне алады.

Жиында алапаттық тәуекелдері туралы да айтылды. Бүгінде жалған брокерлер IPO-ның жүргізілуді өздерінің теріс пиғылдарына пайдаланып, әртүрлі алдау схемаларын ойлап табууда. Сондықтан IPO-ға қатысты барлық мәліметті тек ресми ақпарат көздерінен алған дұрыс.

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ПӘРМЕН АЛАДЫ



Президент тапсырмасына сай әзірленген «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы негізінен үш міндетті қамтиды. Бірінші, фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар салу арқылы барлық ауылдық елді мекендерді медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көзделсе, екінші – заманауи медициналық жабдыктармен қамтылған көпбейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісін ұйымдастыру, үшінші – ауылдық денсаулық сақтау объектілерін медицина кадрларымен қамтамасыз ету.

Үкімет басшысының айтуынша, ауылдарда медициналық қызметтің сапасын жақсарту үшін барлық инфрақұрылымды жаңғырту қажет. Аталған жоба аясында 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек объектісі салынып, қайта жөнделеді. 12 аурухана жаңғыртылып, жанадан 20 аудандық аурухана ашылады. Сонымен қатар басқа да жобалар аясында, мысалы, «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша медициналық объектілер салу көзделіп отыр.

«Ауыл халқы үшін барлығы 700-ге жуық медициналық объект ашылатын болады. Ол үшін жергілікті атқарушы органдар жер учаскелерін бөлуді жедел қамтамасыз етіп, инженерлік коммуникацияларды жүргізу мәселесін шешуі қажет» деді Әліхан Смайылов.

Ұлттық жоба аясында ауылдағы медициналық ұйымдарға қажайып жана технологиялар енгізу көзделген. Дегенде, бұл жобаның аса маңызды аспектілерінің бірі – кадр тапшылығы проблемасын шешу және ауылдық жердегі медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру.

«Өңір әкімдері ауылға келетін медициналық кадрлардың әлеуметтік мәселелерін шешуге назар аударуы тиіс. Жас мамандар ауылға келіп, біліктілігін арттыруға және жұмыс істеуге мүдделі болуы керек» деді Премьер-министр.

СУДЫ ҰСЫРАПСЫЗ ПАЙДАЛАНУ КҮН ТӨРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Үкімет отырысында агроөнеркәсіп кешенінде су ресурстарын пайдалану жөніндегі міндеттер де сарапқа түсті. Быыл барлық тартылған судың шамамен 11,6 теңше шақырымы егінді тұрақты суаруға берілген.

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМІ ЕГІНДІ СУМЕН ҚАМТУДЫҢ МӘН-ЖАЙЫН БАЯНДАДЫ

Селекторлық жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баяндама жасап, Президент және Үкіметтің қолдауымен су тапшылығын төмендетуге нақты шаралар қабылданғанын жеткізді. – Мемлекет басшысы Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, тиісті көлемде су болуына жағдай жасады. Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге қаржы бөлініп, каналдар тазаланып, гидротехникалық нысандар жөндеуден өткізілді. 156 дана насос қондырғысы алынып, 52 ұңғыма бұрғыланды.

Нәтижесінде, егістік жерлер сумен толық қамтамасыз етіліп, табиғи мал азығымен қамтылу деңгейі жақсарып, көлдер жүйесі суландырылды. Бұл ретте Сыр жұртшылығының Мемлекет басшысына және Үкіметке алғысы шексіз, – деді Н.Нәлібаев.

Өңірде су тапшылығының алдын алу мақсатында был күрші егісінің көлемі 5 мың гектарға қысқартылып, орнына суды аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдармен қатар картоп, көкөніс, бақша егісінің көлемі ұлғайып,

ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайын жақсартуға жерді тегістеу арқылы су пайдалану мөлшерін азайту жұмыстары жүргізілді.

Аймақ басшысы өңірде тамшылатып, жанбырлатып суару секілді су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 793 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілгенін тілге тиек етті. Бұл ретте шетелдік белді ғалымдармен жаңа тәсілдерді енгізу жұмыстары бастау алды.

– Бүгінде бұл украиндық ғалымдармен әріптестік орнатып, тиісті жұмыстарды бастадық. Сонымен бірге 16 магистральді және шаруашылық каналдарды цифрландыру қолға алынады.

Өңірде егіс көлемінің 60 пайызын сумен қамтамасыз ететін негізгі магистральді каналға су бөлуді автоматтандыру үшін Австралияның «Рубикон» компаниясы зерттеу жұмыстарына кірісті.

Аталған шараларды жүзеге асыру арқылы суды пайдалану тиімділігін арттыруға және инженерлік жүйеге келтірілген жерлерді сақтап қалып, егін саласын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалады, – деді Н.Нәлібаев.

Селектордан кейін облыс әкімі Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша жиын өткізіп, қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, денсаулық сақтау басқармасына 2025 жылға дейін салынуы жоспарланған 27 медициналық нысан бойынша жұмыстарды тиімді түрде үйлестіріп, уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді жүктеді.

Алдағы жылдың егін ету маусымына дайындық шараларын алдын ала пысықтап, қыс мезгілінде «Шардар» су қоймасынан Сырдария өзеніне түсетін суды қауіпсіз өткізу, оны тиімді пайдаланып, мүмкіндігінше көлдер жүйелерін толтырып, шабындықтар мен жайылымдарды суландыру, Арал теңізіне қажетті мөлшерде су түсуін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдап, ерекше бақылауда ұстау тапсырылды.

Жиын соңында облыс әкімі бірлік пен тату тірліктің арқасында Сыр халқы Президент сайлауында ерекше белсенділік танытып, нәтижесінде 81,07%-бен үздіктер қатарынан көрінгенін атап өтті. Науқанға атсалысқан барша азаматтарға, ұчаскелік сайлау комиссиялары мен мүшелеріне, құқық қорғау органдары басшыларына және түрлі сала өкілдеріне, журналистерге алғысын білдірді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

егіс бригадирі Қоңырбай Жасыбай ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен, «Мақсатбай» шаруа қожалығының жетекшісі Темірхан Мақсатбаев пен «Кенесбай» шаруа қожалығының жетекшісі Талғат Кенесбаев ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бірқатар сала қызметкері мен ардагерлерге «Құрметті ардагер», «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісі, Алғыс хаттар табысталды. Бұл күні ауданның экономикалық көрсеткіштерінің артуына талмай еңбек етіп, табыстың берекесін тасыйтқан ардагерлер де назардан тыс қалмады.

Ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлері мен ардагерлерінің құрметіне аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

1-бет





Ұдайы ізденіс үздік атандырды

Жуырда Астанада «Үздік педагог-2022» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өткен болатын. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің конкурсына республика бойынша 123 мұғалім қатысты. Олар байқауға республика бойынша қатысушы 5,5 мың педагогтің арасынан іріктеліп алынды. Нәтижесінде мектептер мен колледждерде сабақ беретін 64 педагог жеңімпаз атанып, әр мұғалімге 3 млн теңгеден ақшалай сертификаттар берілді.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Жеңімпаздардың қатарында Жалағаш ауданы орталығындағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Салтанат Қосжанова да бар.

Ол 2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті, шетел тілі» мамандығы бойынша бітірген. 2010 жылы оқу орнына білім грантымен магистратураға түсіп, гуманитарлық ғылымдар магистрі дәрежесін алды. Салтанат еңбек жолын 2005 жылы Астана қаласындағы №49 орта мектептен бастап, 2007 жылы Астана медицина университетінің «Шетел тілдер» кафедрасында ағылшын тілінен оқытушы болды. Ал, 2012 жылы өзі оқыған білім ордасы – Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасты.

Білім саласында 17 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан ол өз ісіне берілген ұстаз ғана шәкірттің санасына сәулемі ой салып, әр баланың жұлдыз болып жарқырауына жәрдемдесетінін айтады.

– Мектебіміз бұған дейін де бірнеше мәрте республикадағы үздік 100 мектептің қатарында болған. Өзім де осы мектепте білім алғанмын. Қазір өзімді білім нәрімен сусындатқан ұстаздармен қатар еңбек етіп жүрмін, – дейді Салтанат Қосжанова.

Тек Жалағаш ауданының ғана емес, облыстың мерейін үстем еткен ұстаз үздіксіз шығармашылық ізденіс пен тынымсыз еңбектің нәтижесінде жарқын жетістікке жеткенін айтады.

– Бұл байқау республикада 2012 жылдан бастап өткізіліп келеді. Дегенмен, биыл талаптары өте жоғары. 2020 жылы да қатысқан болатынмын. Ол кезде облыстық деңгейде іріктеуден өтіп, республикалық байқаудан өте алмай қалдым. Жалпы байқауға қатысу үлкен дайындықты қажет етеді. Себебі, мұғалімнен қатар оқышылардың жетістіктері де ескеріледі. Байқау үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде портфолио, 5 минуттық озат тәжірибені таныстыру, 15 минуттық бейнесабак ұсындық. Ал байқаудың республикалық кезеңінде аудандық, қалалық және облыстық кезеңдердің қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған 123 мұғалім «Үздік педагог – 2022» атағы үшін сынға түсті. Байқау қатысушылары Астана қаласына барып, ашық сабақтар өткіздік. Сабаққа комиссия мүшелері қатысып, біткеннен кейін жан-жақты талдау жүргізді. Сабақ барысын фотоға, видеоға түсірді, – дейді Салтанат Қосжанова.

Айта кетсек, жанышыл ұстаз биыл 8, 10, 11 сыныптарға арналған «Абайтану» оқулығын шығарған. Бүгінде жана оқулық республиканың түкпір-түкпіріндегі мектептерде оқытылуда. Сондай-ақ, Салтанат алдағы уақытта жеке оқу орталығын ашуды, докторантурада білімін жетілдіруді жоспарлап отыр.

Жалпы, байқаудың актық сынына балабақшалар мен мектептердің 103, колледждердің 20 ұстазы қатысты. Қызылорда облысының атынан 5 мұғалім, оның 4-і Қызылорда қаласынан.

Ертеректегі аталарымыздың сөзінше, 70-тен былайғы жастың оңып тұрмағаны анық. Мәселен, қырғыздың Қызылым деген кісісінің жұмбағын Жиренше шешен: «... Жетпіс бесте көңілің жерменен тең, сексенде селкілдеген шал боларсың, өлмесең де қор боларсың, жүзде дүниеден күдерінді үз...», – деп шешсе, Жетес би: «... Жетпіске келдім – жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне ердім, тап осы күнде сексендемін – алдым терең құз, артым биік жар, сол жағым – су, оң жағым – от, қалай қарай қозғалсам да, маған тірлік емес-ау», – деген екен. Десе де, артында атын мәңгі етер жақсы ұрпағы болса, адамның өмірі қысқа болса да ұзақ, ал ұзақ жасағандардың еңбегін елге жаяр ұрпағы болмаса, оның өмірі қысқа. Құдайға шүкір, қазіргі кезде адамның өмір жасы ұзарып, жүзден де асып жатқанына куәгерміз. Алайда сол жүз жасағандардың бәрінің бірдей аттары тарихта мәңгі қалатындай ма? Олай бола бермейтініне де куәгерміз. Мұны неге айтып отыр десеңіз, әрі қарай оқи түсіңіз.

ЖАСАЙ БЕР, МЕНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫМ!

Биыл өзім оқып, білімі мен тәрбиесін бойға тоқу арқылы өсіп, азаматтық дәрежеге қол жеткізген, өз отбасынан кейінгі қарашаңырағым – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығы. Егер осы жасты жоғарыдағыдай адам жасымен салыстырып, «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген тәмсіл тұрғысынан қарасақ, менің қарашаңырағымның өмірі ұзақ болады. Өйткені өз тарихының осы бір жігіттік кезеңінде (адам жасымен салыстырғанда) қаншама ұрпақты тәрбиелеп, қаншама жасты білікті азамат етіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ол әлі де талай жылдар осы қызметінен танбай-тынына, содан да мың жыл жасауға лайықты екеніне сенім мол. Жасай бер, менің сүйікті қарашаңырағым!

Тарихына аз-кем көз жіберер болсақ, еліміздегі жоғары оқу орындарының алғашқыларының бірі болып есептелетін бұл оқу орны сонау халқымыздың басына қаралы күндер туған зар заманда, 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қызылорда облысына жер аударылған корей халқымен бірге келген Корей педагогикалық институты (директоры Н.Цой деген кісі болған көрінеді) негізінде құрылған екен. Кейінірек педагогикалық институты әуелі А.Боробов, С.Ривкин, О.Токмырзин, Ә.Коргулин, Қ.Жаманбаев, Ә.Ермеков, Б.Өсербаев басқарған. Мен орыс жазушысы Н.Гогольдің атын иеленген, педагогикалық аталатын осы оқу орнына Б.Өсербаевтың тұсында оқуға түскенмін. Біз бітіретін 1971 жылы ректорымыз кенеттен қайтыс болды да, орнына доцент О.Камардинов келіп, дипломымызға сол кісі қол қойған еді. Осы кісі ұмытпасам 17-18 жыл басқарған болуға тиіс. Бұдан соң институт ректорлары болып А.Айтмұхамбетов, Б.Досмамбетов, Б.Әбдірасилов қызмет атқарды.

Егемендік алғаннан кейін 1996 жылы пединститут «Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университеті» болып қайта құрылды да, көп ұзамай, Б.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтымен біріктіріліп, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» деген жана атауға ие болды. Міне, сол кезден бастап университетті техника ғылымдарының докторы, профессор Қ.Қылышбай Алдабергелулы Бисенов біраз уақыт басқарды. Арасында жерлесіміз, педагогика ғылымының докторы, профессор Б.Момынабаевтың да үш-төрт жыл басқарғаны бар. Ал 2020 жылдан бастап университеттің ректоры қызметіне Бейбітқұл Сәрсемханқызы Кәрімова келді. Мен университет қабырғасында жүрген жылдарымда 8 ректорды көріп, солардың бәрімен дерлік қызметтес болған екенмін.

Жоғарыда айтып өткенімдей, осы оқу орнына мектеп бітіргеннен кейін үш жылдық мұғалімдік жұмыс өтілімен келіп, 1967 жылы түстім. Оған да 55 жыл болыпты. Дәлірек айтқанда, университетіміздің жарты ғасырдан астам тарихы көз алдымда. Бұрынғы басшыларды тек ұстаздарымының айтуынан білсем, Б.Өсербаев ағамыздың кезінде студент атанғанымды, ал кейінгі басшылардың қарамағында қызмет жасағанымды, зейнетке шығып, ардагер атансам да, әлі де сол ортадан ажырамағанымды мақтанышып айтуға тиіспін.

Өзім білетін ректорлардың қай-қайсысы болса да, өздері басшылық жасаған кезеңдердегі мүмкіншіліктерге және ұйымдастыру қабілеттеріне қарай университетіміздің заман ағымынан қалмай, өсіп-өркендеп, үнемі даму үстінде болуына күш-жігерлерін салып отырды. Бұл үрдіс, әсіресе, егемендік алғаннан бергі кезеңде (профессор Қ.Бисенов басқарған кезең) айқын байқалды. Мұнда тәжірибелі, жоғары дәрежелі маман ұстаздар мен әр кезде жаңарып, жасарып отырған оқытушы-профессор құрамының – жалпы ұжымның заман талабына лайық жасаған адал да абыройлы жұмыстарының жемісі бар десек, артық айтқандық емес.

Ал қазіргі университетті қай жағынан болса да бұрынғы пединститутпен ғана емес, алдыңғы онжылдықтардағы оқу орнымен ешбір



салыстыруға келмейді. Оқу ғимараттарының, жатақханалардың, факультеттердің, мамандықтар мен онда оқитын студенттердің, кітапхана мен оқу залдарының, заманауи кабинеттердің, олардағы техникалық құралдар мен жабдықтардың саны мен сапасы жағынан болсын, университетіміздің еліміздегі және шетелдердегі жоғары оқу орындары ішінен алатын орны жағынан болсын, ауыз толтырып мақтанышып айтарлық табыстары баршылық. Бұл жұмыс Президент Қ.Тоқаевтың білім беру орындарына қойып отырған жаңаша талабымен, соған сай оқу орнының жана статус иеленуімен, басқарма басшыларының өзгеруімен, әсіресе, жана басшы Бейбітқұл Сәрсемханқызының ұйымдастырушылық ерекшеліктерімен байланысты толығып, жана сипаттарға ие болуда. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, өскен, өркендеген, жаңарған университетіміздің осындай ұшан-теңіз жетістіктерінің ішінде менің де қолтанбам бар екеніне марқаммын.

Уақыт шіркін тоқтаусыз өте береді екен. Жүріп өткен жолыңа қайырылып қарасаң, бір кезде өзіне сабақ берген, тіпті сабақ бермесе де азаматтық өсу жолыңа білімімен де, адамгершілік жаксы қасиеттерімен де үлгі болған аға буын ұстаздар шоғыры көз алдыңа көлбепдеп тұра қалады. Осындайда ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, доценттер С.Елубаев, С.Тайбеков, А.Жұмаділдаев, Ә.Тәжмағамбетов, С.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Б.Ділманов, Қ.Балтаев, А.Канцев, М.Кереев, А.Айдовос, Б.Тайлақбаев, С.Тайбеков, Н.Шиндин, Ж.Өтемісов, Қ.Әлжанов, Н.Көшекбаев, Д.Қоянбаев, Е.Исабеков, А.Ержанов, А.Токбергенов, Т.Әкімтаев тәрізді, тағы да басқа ғалым ағайлар алдымен еске түседі. Бұлардың әрқайсысы өздері қызмет жасаған, осы қарашаңырақтың қай жағынан болмасын дамуына өлшеусіз үлес қосқан, оқытып жатқан студенттеріне ағалық та, ұстаздық та көзқараспен және жанашырлықпен қарайтын асыл жүректі жандар болып көрінетін маған. Қазіргі университетте осы ұстаздардың алдын көрген ұрпақтар мен сол ұрпақтың шәкірттері қызмет етуде. Олардың кез келгені осы ұстаздар жөнінде біледі және сол аға-апалары қызмет еткен оқу орнында жұмыс істеп жүргенін мақтан тұтады. Өйткені, университет басшылығы тарапынан аға буынның есімдерін ұмытпастай етіп ұлықтауға барлық жағдай жасалған. Олардың атына арнайы кабинеттер мен заманауи жабдықталған дәрісханалар ашу, мерейлі жасқа келгендерді ұжым алдында ұлықтау, еңбегіне қарай марапаттау тәрізді іс-шаралар – осының айғағы. Нағыз ұрпақ жалғастығы, университет ғұмырының мәңгілігі деген осы болса керек.

Ғылыми ұстаздық жолымның алғашқы жылдарын Нұрлыбек Ернарұлы басқарған «Бастауыш оқытушы педагогикасы мен әдістемесі» атты факультетте өткізіп, осында жүріп кандидаттық диссертация қорғадым. 80-жылдардың

орта тұсында «Филология» факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасына аға оқытушы қызметіне ауыстым.

Бұл кафедраның тарихы да институт тарихымен тығыз байланысты. Алғашында институтта төрт факультет болса, соның бірі «Тіл және әдебиет» факультеті екен. Факультет кафедрға да, мамандыққа да бөлінбеген, өйткені студенттер саны өте аз болған. Алғашқы оқу жылында 13 студент ғана бітіріпті. Соғыстан кейінгі жылдары факультет «Филология» деген атқа ие болып, оның қарамағында үш кафедра – «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет ел тілдері» болған. Бұл кафедралар әр жылдарда жеке факультет болып та, кейде қайта қосылып та отырған. Біз оқыған жылдары да факультет осы үш кафедрадан тұратын.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасына келгелі өзімнің студент кезімдегі ұстаздарыммен қайта кездесіп, қызметтес болдым. Солардың қолдауымен ғылым докторы дәрежесін иелендім. Тіпті, кафедра басқарып, ұжым басшысы деген лауазымға ие болсам да, оларға деген шәкірттік сезімім жоғалған емес. Өйткені олар барда үйренерім көп еді. Бүгінгі күні сол аяулы ұстаздарымның бәрі бақиға аттанып, ұжымның үлкені болып өзім қалған кезде, ендігі міндетім осы кафедраның тірегі болған ұлағатты жандар жөнінде әркез еске алып, кейінгі жастарға үлгі ретінде айтып отыру болмақ.

Осындай мақсатпен сол ұстаздар ішінен, әсіресе, сырт көзге өте қарапайым, тіпті «өпенді» дерлік, бір көргенді есіне сактай бермейтін ұмытшақ, қызметтегі, отбасындағы кей қылықтары ел аузында аңызға айналып, қазірге дейін айтылып жүрген, бірақ қазақ әдебиеті мен мәдениетінің сонау көз көрмес көне тарихын терең білетін, түркі әлеміне танымал ғұлама, филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаевты, филология ғылымдарының кандидаттары, доценттер, ерекше тұлғасымен, түрлі адами сипаттарымен басқалардан оқшау көрінетін, ұстаздардың ұстазы ғана емес, қалың қауымға үлгі боларлық нағыз зиялылықтың символындай көрінетін Н.Жүнісовті, кез келгенге ұқсай бермейтін мінезіне, іс-әрекетіне, шағып сөйлер ашы тіліне қарай сырт көз «ағаш атқа мінгізетін», алайда, менің түсінігімде, өз пәнін жетік меңгерген, білімді де сауатты Ә.Байжолғовты, аудиторияға бір бет қағаз ұстамай кіріп, қажетті тақырыпты жетесіне жеткізе түсіндіретін, орыс тіліне де өте жүйрік М.Бимағамбетовті, ғылыми атақ-дәрежесі болмаса да, ауыз әдебиетінің білгірі ретінде сабақ берген, соғыс ардагері Н.Нұржанов ағайды, студент кезімзде кафедра басшысы болған Г.Смағұлова мен куратор ретінде анамызды алды болған А.Шамшатов ағайды айрықша шәкірттік ілтипатпен, зор сағынышымен әркез ойыма алып, мақалаларыма, жастармен түрлі кездесулер кезіндегі әңгімелеріме

арқау етіп келемін.

Сондай-ақ, менің І.Кенесбаев, М.Балақаев, А.Ысқаков, Ә.Қайдар тәрізді қазақ тіл білімінің атақты ғұламаларымен танысуыма себепші, кейін диссертацияларымды қорғау кезінде ынға-жігерімен жан-қүйер болған ағайым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Аблақовты, студент кезімде сабақ беріп, кейін Алматыға қызмет ауыстырған кезде де маған жанашырлық танытқан филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Сайрамбаевты, кафедраға менің алдымда ғана келген, тәжірибе жағынан ұстаздарымдай болып кеткен ғалымдар М.Достанов пен Ә.Өтеуеліні қалайша еске алмаймын. Бұлардың әрқайсысының менің ғана емес, жалпы университеттің өмірінде елеулі орны болғанына көз көргендердің бәрі куә.

Осындай ұлағатты жандардан сабақ алып, тәрбие көрген, сол кісілердің таңдауымен кафедраға қызметке шақырылып, олардан кейін кафедраның іргесін мықтауға атсалысқан талай шәкірт ғылыми атақ-дәрежелерге ие болып, университеттің жана қоғамдағы өмірінң жана ша жаңғыруына атсалысып келеді. Тәуелсіздік жылдарында кафедра ұжымының қатары еліміздің әл-Фараби атындағы ҚазМУУ, Абай атындағы ҚазҰПУ тәрізді іргелі оқу орындарын және өзіміздің қарашаңырақты бітірген талантты жастармен толықты.

90-жылдардың орта тұсында жақын кафедраға «Журналистика» мамандығы қосылып, іргесі кені түсті. Бұл мамандық үшін ҚазМУУ-дың «Журналистика» мамандығын бітірген жастар арнайы шақырылып, олардың өзі бұл күнде ғылыми атақ-дәрежелі, тәжірибелі мамандарға айналды, қатарлары жастармен толыға түсті. Бұл мамандықты бітірушілердің алды Астана мен Алматының, басқа да облыстардың, ал басым көпшілігі Қызылорда қаласы мен аудандардың БАҚ-тарында да абыройлы қызмет атқаруда.

Университетіміздің 85 жылдық торқалы тойы қарсаңында осы кезеңге қатысты болған өз өмір жолыма да көз сала отырып, «өткенге сәлауат, қалғанға берекет» айтуды, сөйтіп қысқаша болса да, өткенсіз келешектің болмайтынын жас ұрпақтың есіне салуды жөн көрдім.

Келгеніне көп болмаса да талапқа сай жан-жақты жанашырлықты көрсету арқылы ұжым тарапынан беделге де, абыройға да ие бола бастаған ұжым басшысы Бейбітқұл Сәрсемханқызы басқарған қарашаңырақтың бүкіл ұжымын 85 жылдық мерейлі тойымен құттықтай отырып, университетіміздің өркендеуі жолында еңбек етіп жатқан әр жанға денсаулық, отбасылық баянды бақыт, жемісті шығармашылық тілеймін!

Женіс СӘДУАҚАСҰЛЫ,
ардагер ұстаз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.



ЖЕР АТЫ – ТАРИХ ХАТЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымының кандидаты
Болат Боранбаевпен сұхбат

– Қызылорда облысында солтүстік өңірлерге қарағанда қоғамның қазақтілді және орыс-тілді болып бөлінуі жоқ, дегенмен көше мен елді мекен атауларына қатысты айтыстар да жоқ емес. Маман ретінде облысымыздағы «қызыл» атауларды қайта атауға қатысты туындаған түйінді мәселелерді шешуге араласып жүрсіз. Жалпы, біздегі ұлттық ономастикалық саясаттың деңгейі қандай?

– Ономастика саясатын іске асыру үшін атқарушы билік ең алдымен қазақ зиялыларына, ғалымдарына, ұлтшыл белсенділерге арқа сүйеуі керек.

Біріншіден, ономастика саясатын заңдық тұрғыдан қамтамасыз ету қажет. Жаңа заңнамада елімізде жүргізіліп жатқан ономастикалық саясаттың негізгі идеологиялық мақсаты мен миссиясын бұқпаламай, ашық-айқын көрсету міндет. Ономастикалық саясат қаланы көркемдеу немесе біреуге ұнау үшін жасалмайды. Оның мақсаты бір – тарихи әділеттілікті орнату, қазақ қоғамы мен мемлекетін отарсыздандыру.

Қала, ауыл, көше атаулары сонда тұрып жатқан халықтың ғана шаруасы емес. Айналып келгенде мемлекеттігі, оны ешкімнің меншіктеп алуына құқы жоқ. Әрине, барынша қоғамның пікірін ескеру де қажет, бірақ сол қоғамдық пікірді дайындау, қоғаммен жұмыс жасау атқарушы биліктің басты жұмысының бірі.

Екіншіден, ономастика саясаты туралы көшенді мемлекеттік тұжырымдама қабылдануы тиіс. Еліміздегі осы кезге дейін ономастикалық саясаттың құлдырап, әлсіреуінің басты себептерінің бірі – баршаға ортақ, тарихи негізі мен астары айқындалған мемлекеттік тұжырымдаманың жоқтығы. Осы себепті де жер-жерде рушылдық пен жершілдікке жол беріліп, көше атауларын дөкейлердің туыстары мен қалталылар иемденіп кетті. Есесіне лайықты тарихи тұлғалардың есімдерін көптеген қаладан таба алмайтын жағдайға жеттік. Мұндай келеңсіз жайттар, айналып келгенде, ономастика саясатын ұнамсыздандырып, теріс пікірде жүрген мораторийшілерге жақсы сылтау болды.

– Ономастикаға тарихи сананы қалыптастыратын саяси құрал ретінде қарау керек дейсіз бе?

– Әрине. Ономастика – елді тұтастырушы, біріктіруші құрал. Көше атауы – елдің идеологиясын, тарихи бағытын, арман-мұратын айқындайтын дүние. Сондықтан жаңа айтқанымыздай мемлекеттік тұжырымдама қабылданып, онда әрбір қала, ауыл көшелеріне берілуі тиіс ұлы тұлғалардың тізімі айқындалуы керек. Мысалы, қазақ хандары, Абай, Махамбет, Құрманғазы, Алаш арыстары деген сияқты. Бұлар қашанда қаланың орталығындағы басты көшелерге берілетін есім болуы керек. Екінші кезекте әрбір қалада болуға лайықты 300-400 тарихи тұлғаның аты мен еңбегі туралы айтылуы керек. Осы қатарда қазаққа еңбегі сіңген шетелдік тұлғалардың, қазақты зерттеген шетелдік ғалымдардың тізімі де енуі керек. Бұлардың есімдері ірі көшелерге берілгені дұрыс. Қаланың шетіндегі, қорым жанындағы он үйден құралатын көшелерге бұл тұлғалардың есімін беру – ұлтты қорлау! Есімі жаңадан беріліп жатқан көшелерге әрбір тарихи тұлға туралы түсіндіктеме беретін көрнекі құралдар, әлеуметтік жарнама қондырғылары тұрғызылуы тиіс.

Әрбір қалада империялық үстемдікті насихаттайтын көшелер бар. Олардың орнына әрбір қаламызда Қазақстанның 15 облыс орталығының, тарихи қалалардың атындағы көшелер болуы керек. Болашақта аймақаралық көмек, қатынас саясаты арасында әрбір облыс өз атындағы көшелерге көмек көрсетсе, сол көшеге әр облыстың қасиетті-кастерлі, табиғи-тарихи ескерткіштерінің суреттерін орнатса қандай керемет болар еді!

Үшіншіден, ономастика – еріккеннің ермегі емес, ғылыми негізі бар саясат.

Қанша көше бар? Бұл сұраққа дәл қазір ешкім жауап бере алмайтын сияқты. Көптеген ақпараттар жергілікті билік органдарының ғана еншісінде, қызметтік тұтыну үшін ғана жасакталады. Мұнымыз дұрыс емес. Егер ономастика мемлекеттік саясат дейтін болсақ, оның нақты көрсеткіштері, ғылыми негіздері болуы тиіс. Сонда ғана нақты меже қойып, айқын нәтижеге қол жеткізуге болады. Алдағы уақытта өңіріміздегі әрбір қала, елді мекендегі көше саны, олардың атауларының тарихы, соларға қатысты жоспарлар туралы ақпаратты жариялауымыз қажет.

– Өзіңіз ғалым есебінде жергілікті билікке ономастикаға жаңа серпін беретін жобалар ұсындыңыз ба?



– Елімізде, жерімізде атаусыз мекен, қала, көл-су, тау мен орман болмаған. Іздесе бәрінің де тарихи атауы табылады. Сол атауларды қалпына келтіру, олардың тарихын зерттеу, білу, насихаттау бағытында ұсынған жобамыз бірнеше жылдан бері қолдау таппай келеді.

Кез келген елді мекенді қазақыландыратын екі ғана көрнекі көрсеткіш бар: бірі – қазақ саны, екіншісі – көше атауы, маңдайшалар мен мемлекеттік тілдегі жарнама. Ұлттық нақышы бар архитектура, қазақ этнодизайн мектебін қалыптастыру қажет! Осыны түсінген қазақ жұртшылығы, ұлт жанашырлары 1990 жылдардың басында аса белсенді тіршілік жасады. Егемендік алғаннан бері елімізде бірнеше облыс, қала, 1300 ауылдың, 8000 көшенің аты мен атауы ұлттық бағытта өзгерген. Қазақты қазақ қылған, атын шығарған, қазақтың мақтаны мен айбары болып табылатын тұлғалардың есімдері көшелерге беріле бастады. Әсіресе қазақ қалың отырған аймақтарда бұл үрдіс асқан белсенділікпен жүзеге асты.

– «Жер аты – тарих хаты» дегенді, қазақ елінде өзге тілдерден енген жер-су атаулары да бар. Орнығып қалған ол атауларға байланысты не айтасыз?

– Мемлекет атауында ұлттық-этникалық мазмұн басым түсіп, ол ұзақ мерзімді әрі тұрақты сақталуымен ерекшеленсе, жер атауларының құбылмалылығы, нақты ахуалға байланысты тез ұмытылып, тез өзгеретіні байқалады. Әрине, қандай жағдайда да топонимикалық мұра толығымен, біржолата із-түзсіз жойылып кетуі мүмкін емес. Сондықтан да еліміздегі жер-су атауларында қазақ қазақ болғанға дейінгі, қазақ хандығы дәуіріндегі, отарлау мен тоталитаризм қыспағы кезіндегі қыртыс-қатпарлар бар. Осылардың арабтан, моңғолдан, жоңғардан, түркі тектес көрші халықтардан ауысқандары ұлттық санамызға, тарихымыз бен тілімізге сіңісті қазақ кеткені соншалықты, қазір еш жатсынбаймыз. Мән-мағынасын түсіне бермесек те, әбден қазақыланып кетті. Біріншіден, ұзақ тарихи мерзім боларын болдырып, бояуын сіңірді, екіншіден, ол атаулардың берісі түркілік, әрісі шығыстық тамыры қазақ қоғамына етене жақын еді. Бізді алаңдататыны – отарлық және кеңестік топонимика. Осыны тезге салатын уақыт келді. Ономастика оналмай, елдігіміздің бетіне шіркеу түсіру тыйымдалды.

– Ертеден келе жатқан қазақы атауларды қазір неге қолдана бермейміз? Мысалы Москваны Мәскеу, Пекинді Бейжің деген сияқты сөздеріміз ғана қолданыста жүр. Қазақ дүниесіндегі барша атауларды өз тілінің тегіне салған емес пе?

– Ежелден ата-бабаларымыз мәдени жаһандану жағдайында өмір сүрген, тіршілік еткен. Бұған ұлы қолбасшылар Мөде қаған, Аттила, Күлтегін, Шыңғыс хан, Бату хан, Берке хан, Жошы хан, Бейбарыс сұлтан заманы айғақ. Және де қазақ жұрты Византияны – Үрім, Иранды – Ажам, Палестинаны – Кінған, Қытайды – Шың немесе Шина, Дамасқын – Шам, Шри Ланканы – Сәрәнділ, Венгрияны – Махарыстан, Египетті – Мысыр, Данияны – Даң, Швецияны – Сібеден, Германияны – Алмания, Чехословакияны – Шакалауакия, Жапонияны – Жапүния (қытай қазақтары – Жібін), Францияны – Пранс, Американы – Әмрике, Польшаны – Лехистан елдері деп, Европаны – Аурупа, Мюнхенді – Муншен, Грузияны – Гүржістан, Кельнді – Келін, Пекинді – Бейжің, Кавказды – Қап тауы, Қызыл теңізді – Күлзін деп атағандығы дәлел.

Бүгінгі заман ағымында осы атауларды қолданба деген кім бар? Тек ізденбей, оңайына жүгіре беретініміз бар.

Біздің халқымыз жер-су аттарын қоюға өте шебер, оған ерекше мән берген. Халықтың суреткерлік

көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін мынадай гидронимдердің сымбат-көркі қандай десеніңі! Сырдария – өн бойында көне қалалар (Сығанақ, Бестам, Қызқала, Жөлек, Қамысқала, Асарлар, Жент, т.т.) моншақ тәрізді орналасқан. Сарысу – Арқадан көктемде арқырай асқан мол судың түсін сипаттайды. Жөлек – дарияның деформацияға ұшыраған ескі арнасы. Нәрсай – бұл да дарияның ескі арнасы, Бестам, Сығанақ сынды қалалар осының бойында орналасқан. Телікөл – Сарысудан тасыған сумен толығып отыратын көл, малшылардың жаз жайлауы. Күмісқалған – аңызға қатысты атау алған, дарияның тасуынан толығып отырған. Қызылсу өзені – топырақтың түсіне байланысты аталған. Балықтыкөл көлі – балыққа бай көл. Байдала көлі – сол маңдағы даланың кеңдігіне байланысты қойылуы мүмкін. Тышқанкөл көлі – көлде ондатрлар есепсіз. Жылтыркөл – көл бетіне түскен күн сәулесінің ерекше жылтырауынан. Алакөл – көл бетінің толықн ұрғанда ала-құла болуынан аталған. Батпақкөл – батпақты көл. Шалқар көл – көл көлемінің үлкендігіне байланысты аталған. Шөптікөл – көл жағалауының қарғатамырлы шөптің (шымды) болуынан аталған. Нұра өзені. Моңғол тілінде «нұра» – қирату, тангус – маньчжурша – «нұра» жыралы деген мағынаны білдіреді. Құланөтпес өзені. Аңыз бойынша, осы өзенде шортандар көп болғандықтан, малды судан өткізуге тосқауыл келтіріпті. Теңіз көлі. Көл өзінің көлемімен таңғалдырады, сондықтан Теңіз көлі аталған. Асаубалық көлі. Мұнда жұртқыш ірі балықтар мол. Сұлтанкелді көлі. Ел аузында атақты Хан Кене нөкерлерімен осы көлдің жағасына келіп шатыр тігіп, аттарын суарып, дамылдаған. Жұмай көлі. Жұмай батырдың есімімен аталған. Шолак көлі. Жақын маңдағы көлдермен салыстырғанда көлемі жағынан кішкентай болғандықтан Шолак деп аталған. Ащыкөл. Көл суының ащы болуына байланысты аталған. Тұщыкөл. Көл суы тұщы болуына байланысты аталған. Құмкөл. Көлдің жағалауы құмға толы. Қыстау көл. Осы көлдің жағалауында ел адамдары ызғарлы қыстан аман-есен қыстап шыққан.

Қазақстанда таным-пайымды көріктендіретін һәм тереңдететін, қиял-сезімнің қанаттандыратын мән-мағынасы сұлу жер-су атаулары жеткілікті. Айталық: Домбыралы, Көркем, Қарлығаш, Оғызбалық, Айғыр ұшқан, Күлегеш (Қарқаралыдағы жартастың аты, бір сөзінді жеті рет қайталайды) және т.с.с.

– Ономастикада аса күрделі мәселенің бірі – елді мекенге, мектепке, даңғылға, көшеге, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, басқа да нысандарға кісі есімдерін беру. Осыған қатысты қандай ойыңыз бар?

– Ел ұғымында белгілі бір адамның байлығы, атак-дәрежесі емес, ардақты істері, үлгілі, өнегелі дәстүрі мен мектебі, тарихи қызметі қайраткердің нақты тұлғасын анықтайды. Жапонияда қайраткер бір ғасырдан кейін ғана айрықша назарға ілінеді екен. Қазақ жағдайында кейбіреулердің жасандылықпен дабыра-даңғазаман атағы шыққандарға топырағы суымай-ақ екі өкпесін қолына алып жүгіру – әбестік, әдепсіздік. Тарихтың таразысын, таңдауын, талқысын қайда қоямыз?! Бүгінгі күнге дейін «Қазаққа Марабайдан асқан ақын жоқ» деп Абай құрметтеген Қобыланды мен Ер Тарғынды ересен көркемдікпен, тереңдікпен толған жырғауға ештене бұйырмаған. Бұған қарап Марабай жырауды ұмыттық деуге әсте болмайды. Негізінде, кісі аттарын беру де аса сақтық керек. Алдымен, тарихи төл атауларды толық қалпына келтіру қажет.

Қала көшелерінің атауы қала тарихынан сыр шертуі тиіс.

Н.И.Надеждин «Орыс әлемінің тарихи-географиясының тәжірибесі» атты еңбегінде географиялық карта-лардың топонимиялық зерттеулерде маңызды рөл атқаратынын ондағы нысандарда көптеген ақпарат жүйесі бар екендігін атап көрсетеді. Ол жөнінде оның қанатты сөздерінен байқауға болады. «Әрбір жер-су атаулары сол жердің табиғи құжаты болып табылады». «Жер дегеніміз – адамзат баласының тарихи-географиялық атауларда жазылған кітабы» дейді ол.

– Мен әлі күнге «Қазалы» сөзіне байланысты әртүрлі нұсқаларды оқымын. Бұл атау жөнінде айтарыңыз бар ма?

– «Қазалы» атауы ұлан-байтақ қазақ сахарасындағы екі ұлы өзеннің бойында да кездеседі. Сыр бойындағы Қазалы қаласы Сырдарияның Қазалы аталатын саласы бойында орналасқан. Тарихи жағынан қарасақ, Қазалы қаласы орналасқан жер – орта ғасырлық Оғыз мемлекетінің астанасы. Себебі, оғыздардың орда қаласы Жанкент Қазалы қаласынан бар-жоғы 20 шақырым қашықта орналасқан. Қазақ ғалымдарының Қазалы атауын «ғазел» не, «каз елі» сөздерінен шығаратын, сол сияқты «Қазалы» атауы арабтың «қаза», «қаза болу» деген топшылауларымен келісуге болмайды. «Қазалы» сөзінің мағынасы көл маңында ерте заманда қалыптасқан шаруашылық дәстүрлеріне тікелей қатысты. Солардың бірі балық аулайтын құралдың ерекше бұл түрі – қаза. «Қаза» туралы тілші ғалымдардың ішінен бірінші рет жазған С.Аманжолов оны балық аулайтын құралдың бірі деп сипаттаған. Қазаны қамыстан тоқиды. Біз қазаны Ақкөл-Жайылма жерінен кездестірдік. Әулиелі Ақкөл жағасына орналасқан Екібастұз ауданының Қаражау ауылының қазақтары әлі күнге дейін балықты қазаны пайдаланып аулайды. Қазаны биік қамыстан не талдан жасайды да, көлдің адам бойынан аспайтын тұстарына апарып құрады. Үлкен қазалар үй аумағындай жерді алады. Бір құрған қаза бірер апта тұрады да, балықшыларды балыққа кәні қылады. Балықшылықтың бұл түрін қазақ «қаза салу» деп атайды. Қаражау қазақтары қазаның қабырғасын «желі» деп атайды, осы желінің бір тұсын саңылау қылып ашып қояды. Оны «көмей» дейді. Балық осы көмейден қазаның ішіне кіріп, ақыры балықшының дастарханына түскенін білмей де қалады. Ерте уақытта қазаны аздаған ағыны бар жерлерге құрып, оның көмейін ағысқа қарсы қойса керек. Дегенмен, бүгінгі күні қазаны Әулиекөл балықшылары суы тұйық көлдің ішіне де құра береді. Міне, осы қаза қазақ жеріндегі «Қазалы» атты жер-су атауының пайда болуына бірден-бір себеп.

– Жер-суға байланысты немесе көшеге, нысандарға атау беру принциптері қандай болу керек?

– Атауларды өзгерту олардың тарихи негізіне байланысты орындалады. Байырғы тарихи атаулар туралы жүргізілген зерттеулер бойынша түскен ұсыныстар сараланып, облыстық ономастика комиссиясында қаралады.

Барлық құжаттар ашықтық қағида-тұрарына сүйене отырып жасалады. Жергілікті қоғамдастық жиыны бір ай бұрын шақырылып, БАҚ, сайтка хабарландырулар салынады. Жиын өткеннен кейін оның хаттамалары БАҚ-да жарияланады. Тұрғындар арасында атаулар беру, өзгерту, қайта атау бойынша нақты түсінік жұмыстарын ұйымдастырудың нәтиже алып келері сөзсіз.

Жердің аты – бұл тарих қойнауынан сыр шертетін шежіре. Ал бұл – болашақ ұрпақ үшін аса қажет құндылық. Жердің аты өмсе, тарихы да бірге өмір деген сөз. Сондықтан, ономастикалық атаулар – рухани байлығымыз, этикалық мәдениетіміз, салт-дәстүріміздің бір бөлшегі, олар қоғаммен бірге жасасатын ескерткіш,

ғасырдың бізге тарту еткен сыйы. Қазақтың ұлттық болмысын, белгілі бір дәуірдің тарихын топонимдердің шығу тарихына қарап біле аламыз, сондықтан оларды қалпына келтіріп, келесі ұрпаққа аманат ретінде қалдыру – сала мамандарының міндеті.

– Аймағымызда әлі де орысша қалпында тұрған атаулар бар. Олар да сіңісіп кеткен атау болып қала ма әлде өзгеруге тиіс пе?

– Қызылорда облысының аумағында орысша атауы бар 3 (2,2%) ауылдық округті атап айтуға болады: Арал ауданындағы Октябрь ауылдық округі, Қармакшы ауданындағы III Интернационал ауылдық округі, Шиелі ауданындағы Гигант ауылдық округі. Орысша атауы бар 7 (3,3%) ауылды да айтып кету керек, олар – Арал ауданы, Октябрь ауылдық округіндегі Водоканча ауылы, Қазалы ауданындағы Қарашенгел ауылдық округіндегі Водоканча елді мекені, Тасарық ауылдық округіндегі Отгон ауылы, Шиелі ауданындағы Ақмая ауылдық округіндегі Полуказарма елді мекені, Алмалы ауылдық округіндегі Лесхоз ауылы, Қызылорда қаласындағы Гео-лог ауылы. Орысша атауы бар 67 көше бар (2,1%). Облыс бойынша тіркелген 22 шағын ауданның 15-і облыстық маңызы бар қалада болса, 7 шағын аудан аудандарда орналасқан. Оның ішінде Қазалы ауданында орналасқан «Мелиоратор» шағын ауданы орысша аталған.

Әрине, бұл атауларды өзгерту керек. Шиелі ауданындағы Төңкеріс ауылдық округі Тұран, Полуказарма Қосарық, Лесхоз Тоғайлы болып өзгерді. Онда біріншісіне тарихи танымға байланысты Тұран атауы берілсе, екіншісі қос арнаның каналдың (арықтың) ортасында орналасуына байланысты, үшіншісі шаруашылығына және табиғатына байланысты өзгертілді.

Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалымы Мұхтар Әуезовтің «Біздің қазақ – жер атын, тау атын әмәнда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай өлкеге барсаң да жер, су, жаһан түзде кездескен кішкентай бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деп жазған еді. Жер-су атаулары – халықтың жады, оларда үлкен таным бар, рух бар, мағына бар. Халық тарапынан қойылған атауларды сол өңірдің табиғи да, тарихи құжаты деу ләзім.

– Кейінгі уақытта адам аттары оңды-солды тыпқалай беруден аулақ жүрейік деген пікірлер әртүрлі мінбелерден айтылып келеді. Сіздің ойыңыз?

– Шет ел тәжірибесіне сәйкес ұлы тұлғалардың атында мектептер, көше атаулары аталмайды. Бұл – дұрыс мәселе. Бірақ бұл жағдай – біздің менталитетке жақын болмағанымен, тәлім алатындай өнеге.

Атам қазақ жер-су атауларын қазақтың кең-байтақ даласына мөр ғып басқан. Тілімізге орамалды, көкейге қона кететіндей етіп көркем кестелеген. Қазақтың ұлы даласындағы жер-су атауларының бәрі бедерлі поэтикамен өрілген. Желмая мініп, жер шолған Асан Қайғы бабамыз өзі тоқтаған жерінің аты мен затын салмақтап тұрып саралап бермеп пе еді?! Ата-бабаларымыз Хан Тәңірі мен Алатауды, Бетпақдала мен Қаратауды, Арал мен Ұлытауды, Сығанақ пен Сарайшықты, Қарасаз бен Қараойды, Шалқоде мен Көлсайды, Баканас пен Кербұлақты, Ақши мен Қапалды, Желтораңғы мен Балатоптарды ешбір ономастикалық комиссиясыңсыз-ақ сәтімен атап, санамызға сіңдіріп жіберген жоқ па еді?! Бұл атаулар тек географиялық белгі ғана емес, мәдениетіміз бен сан ғасырлық тұрмысымыздың, тіліміздің барша тарихи мен заңдылықтары да осы атаулардан табылады. Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың қазіргі кезеңінде ономастика мәселесі тек қазақ тілінің аясымен ғана шектелмей, саяси-әлеуметтік, тарихи, мәдени мәні зор, ұлттық, құқықтық, идеологиялық, моральдық шешімді талап ететін өте күрделі құбылыс болып саналады.

Сондықтан да, ономастика проблемаларына мемлекеттік маңыз беріліп отыр. Жер-су атауларына зер сала қараған адам сол атаулардың астарындағы ғажайып сырларды танып, қайран қалар еді. Әрбір халықтың санасында бұл атаулар ғасырлар қойнауындағы қазына ретінде бағаланады. Қазақ халқы ежелден елді мекендердің, жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына, тарихына ерекше көңіл болған. Әр дәуірдің ескерткіші ретінде халық тарихының, ұғым-нанымының дерегі саналып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын тарихи жәдігерлерді құрметтеп, аялап сақтау – азаматтық борышымыз.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЙШУЛЫ,
«Сыр бойы»



Алты Алаштың анасы атанған Сыр елінің топырағынан небір текті тұлғалар нәр алған. Олардың қашанда қарапайым қалпынан айнымайтын адами қасиетін, бойындағы кісілік пен кішілікті, бітім-болмысын көргенде марқайып қалатынбыз. Сабырлық пен сыпайлықты, адамгершілікті ғұмыр бойы серік етіп, ел-халқы үшін еңбек еткен сондай текті тұлғалардың бірі – ұлағатты ұстаз, біздің әулеттің көшбасшысы болған Батырхан Остаев. Бұл кісі туралы көргендеріміз бен көңілге түйгендерімізді айтсақ, туабытты тектілігіне, шәкірттердің ғана емес, ұстаздардың ұстазы атанғанына тәнті боласыз. Елу жыл бойы бар білгенін бала бойына сіңірген тағылымға толы өмір жолы үлгі тұтарлық. Көзі тірі болғанда 85 жастық биігіне шығатын ағамыздың ұрпақтарға ұлағат болар ғибратты ғұмырына тоқталайық.

Жартығасырлық Ұстаздық жол

Батырхан Остаев 1937 жылы Қызылорда қаласына қарасты Ж.Маханбетов атындағы елді мекенде дүниесігін ашты. Көнекөздердің айтуынша, әкесі Остай да аузын ашса жүрегі көрінетін, нұрлы жүзінен имандылық шуағы төгіліп тұратын абыз ақсақал болған көрінеді. Осы кісінің ұйымдастыруымен кезіндегі 3-4 шаруашылық бір шаңырақ астына топтастырылып, Киров атындағы совхоз (бүгінгі Ж.Маханбетов ауылы) бой көтерген. Остай атамыз осы шаруашылықты басқарып, ел-халықтың еңсесін тіктеуге бар күш-жігерін жұмсайды. Әуезхан, Батырхан, Сәдірхан, Болған, Ақкенже есімді балаларына тәлім-тәрбие берді.

Батырхан аға Қызылорда қаласындағы №1 Мамыр мектебінен орта білім алды. Алдағы асқар шыңдарға шықсам деген талаппен Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін бітірді. Барлық мамандықтың анасы – мұғалімдікті іеленіп, 1960 жылы күрмеуі қиын, сүрлеуі мол ұстаздықтың ұлағатты жолына түсті.

Еңбек жолын №143 орта мектепте қатардағы мұғалім болудан бастады. Ол кезде мұғалімдікті тандаған адам «шу» дегенде шауып кеткендей әмбебап болуы керек. Бәкең осындай сындарлы шақтардан сүрінбей өтіп, биіктерге өрледі, яғни, 1969-1971 жылдары мектептің тәрбие, оқу ісі жөніндегі орынбасары болды. Сосын 1971 жылдан 2003 жылға дейін мектеп директоры қызметін атқарды. Жарты ғасыр бойы мектептің тірегі де, жүрегі де болуы Алланың берген бағы шығар.

Басшылық қызметте жүргенде Сыр өңірінің ғана емес, еліміздің игілігіне жараған қаншама педагогикалық жобалар жасады, білім саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Саралап айтар болсақ, көрнекіліктерді картотекаға түсіру, әр пәнді сынып журналының бір бетіне жазу, мектеп басқарудың пәндік салалық жүйесі, тағы басқа ондаған игілікті іс Бәкеңнің басқаруымен өмірге келген. Бұл ұтымды ұсыныстар мен жарқын жобалардың, жоғарыда айтқандай, еліміздің барлық аймағының білім ордаларында қолдау табуы тектен-тек болмаса керек.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, ол – кезінде облыс бойынша мектеп директорлары арасында бүкілодақтық педагогикалық оқуға қатысқан бірден-бір басшы. №143 мектепке басшылық жасаған жылдары осы оқу ордасының мұғалімдері Баттал Жүсіпбековтің бүкілодақтық, ал Қадыр Әмзеев пен Мырзахан Жәкеновтің республикалық педагогикалық оқуларға қатысуы мен ұстаздардың облыстық мұғалімдер сайысында көш басына шығуы – Бәкеңнің жартығасырлық тәжірибесінің жемісі. Сондай-ақ, ондаған мектеп мұғалімінің кезіндегі Кеңес Одағы мен Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» белгілеріне ие болуы да – оның ерен еңбегінің еншісі.

Батырхан аға өмірден көргендері мен көңілге түйген жүрек жазбаларын кейінгі ұрпаққа ұлағат етуден де қалыс қалмаған. Оның қарымды қаламынан «Мектеп – білім ордасы», «Елу жылда ел жаңа», «Мектеп басқарудың пәндік салалық жүйесі», «Қармақшы шежіресі», «Ойлар көмбесі» ой-толғамдары, «Шағын комплектілі мектептерде гимназия, лицей топтарын ұйымдастыру жолдары» жинақтары мен 550-ден астам ғылыми-әдістемелік мақала туған.

Мектеп басшылығында жүргенде: «Ел болам десең, бесігінді түзе» дейтін болсақ, біздің тербетіп отырған бесігіміз – мектебіміз. Мектеп – білім тірегі болса, ұстаз – оның жүрегі. Ендеше, біздің жүрегіміз жұптардың келешегі кемелденсе екен деп соғуы керек» дейтін.

Бөкеннен білім мен тәрбие алған есімдері елге танымал шәкірттері жетерлік. Академик, педагогика ғылымдарының докторы Б.Момынбаев, әр саладағы ғылым докторлары Ә.Тоқтамысов, Б.Қаратаев, ғылым кандидаттары Н.Байқадамов, А.Баймолдаева, Қ.Адыранов, А.Әбуова, Р.Үсенбаева, Қ.Ерімбетова, А.Айтбаева, А.Остаева – осы мектептің танымал түлек-

тері. Ол кісіден ғалымдар ғана емес, өлең өрнегін кестелеген ақын да, егін салған диқан да, төрт түлікті түлеткен малшы да, құрыш қолды құрылысшы да, ұлағатты ұстаздар мен шипалы қолды дәрігерлер де дәріс алған.

Ол ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі арқасында білім саласының өсіп-өркендеуіне, оның ішінде №143 мектептің республика көлемінде танымал болуына өлшеусіз үлес қосып, қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Білікті басшының арқасында осы мектептің бірнеше жыл бойы үздік деп танылып, іс-тәжірибесінің ҚР Білім министрлігінің қолдауымен республика аймағына таратылуы да тектен-тек болмаса керек. Білім ошағында мектеп тарихын түгендеген музейдің іргетасын қалады. Сондай-ақ «Әлі Арыстан» мешітінің салынуына да сүбелі үлесін қосты. Зейнет демалысына шықса да қол қусырып қарап отыруды қаламайтын. Бабалар рухына бас иіп, тағзым жасайтын алаңның өңі қашқанда белді азаматтардың басын қосып, «Тағзым» алаңын салуды ұйымдастырған болатын. Алаң Ұлы Женістің 70 жылдық торқалы тойында ашылды. Үш деңгейлі спорт алаңының салынуы, ауыл саябағының жасыл желекке бөленуі осы Бәкеңнің бастамасымен жасалған игілікті істер еді.

Батырхан аға Остаетың елге сіңірген еңбегі ескерусіз қалған емес. 1982 жылы Ереванда өткен Бүкілодақтық педагогикалық оқудың дипломаты атану – екінің бірінің басына бұйыра бермейтін бақ. Сондай-ақ, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қызылорда облысының құрметті қызметкері атанып, «Жыл директоры – 1992» сайысының жүлдесін иеленді. КСРО Оқу министрлігі мен ҚР Білім министрлігінен, облыстық білім басқармасынан, одан бөлек әр уақыттағы облыс, аудан әкімдерінен алған Алғыс хаттары мен марапаттарын санамалап айту әсте мүмкін емес. «Өмірі – үлгі-өнеге» марапатын, «Құрметті директор» атағын алуы да – ерен еңбегінің бағасы. Сондай-ақ «Қызылорда облысының Құрметті ардагері», «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атанды.

Бәкең 1960 жылы Қанбиіш Момынбаева жемігімен шаңырақ көтерді. Ақыл-парасатымен, қонақжайлылығымен, берекелі де мерекелі дастарханымен көпке үлгі-өнеге бола білген Қанбиіш тек әулеттің ғана емес, ауылдастарының ерекше құрмет тұтар анасына айналған. Содан да ауылдастары оны әжесінің атауымен «Тай ана» десе, келіндері «жүйрік абысын» деп ат қойып, айдар таққан. Бұл кісінің қолынан қазықтың талай текті тұлғалары дәм татқан. Тек қана қонақ үшін деп бие байлап, қымыз сапыратын бұл үйден қысы-жазы қонағы үзілмеген.

Алла жарастырған жүп өмірге бес үл мен бес қыз екіліп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Олар бүгінде сан алуан салада, бірі құқық қорғау, енді бірі құрылыс, халыққа қызмет көрсету саласында еңбек етсе, тағы бірі жеке кәсіптің нәсіп еткен.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, Остаетар әулеті – ұстаздар дистанциясы. Облыстық білім басқармасынан алған деректерге көз салсақ, бұл әулеттің білім саласы бойынша еңбек өтілі 843 жыл екен. Әулеттің 47 мүшесі білім саласында еңбек еткен, бүгін де сол жолды жалғағандар жетерлік.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұлағатты ұстаз Батырхан Остаев ағаның салып кеткен сара жолы бүгінгі жөне ертеңгі жастар үшін тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болып қала бермек. Осыған орай жаны жайсаң жанды ұмытпау, игілікті ісін ұрпақтарға ұлағат етіп қалдыру – бізге парыз. Осы орайда көп көкейінде жүрген бір толғақты ойды орталарыңызға салғым бар. Ауыл тұрғындарының жарты ғасырдан астам уақыт бойы, оның ширек ғасырдан астамын мектепке басшылық жасаған аға есімін осы мектепке берсе деген ұсынысы бар. Сонда елі үшін жасаған ерен еңбегі көпшілік жадында мәңгілікке сақталатын болады.

Әсет ТОҚТАМЫСОВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы,
профессор



АТПАЛ АЗАМАТ, АСЫЛ ЖАН ЕДІ

Бұрынғылар қимас кісілері өмірден өткенде «Аққу ұшып көлге кетті, Сұңқар ұшып шөлге кетті, Ол адасып кеткен жоқ, Әркім барар жерге кетті!» деп, ағайын-жұртқа көңіл айтады екен. Білім деп өміреніп, жерім деп жұмылып еңбек еткен, Сыр елінің атпал азаматы, қадірлі әке, халық пен биліктің арасын жарастырар мәслихат жұмысының қырсырына бірге бойласқан жарасымды дос, қимас бауыр, әріптесім, шәкіртім Расул Әбүтәліпұлының ғазиз жүрегінің тоқтағанына да қырық күн толады екен. Иә, Расул бауырымызды әлі де жоқтап, әлі де өзегімізді өкініш пен мұң-зар өртейді.

Жаралы көңіл қаралы хабар жеткен өткен айдың он жетісіне орала береді. Хабадрын тұтқиылдығы сондай, тосыннан келген суыт хабар оны білетін Сыр жұртшылығына ауыр тиді. Қаралы азының батпандай салмағынан есеңгіреп жүрегіміз сыздады, қабырғамыз қайылды, еңсеміз езілді, тынысымыз тарылды...

Баки дейтін белгісіз дүниенің қандай екенін, жұмырбасты пендеге не ұсынып, не берерін ешкім білмейді. Білетін Ұлы Жаратушы ғана! Біз жұмырбасты пенденің пешенесіне махаббат, сезім, сенім бұйыртқан жалған дүниенің сыры мен сымбатын ғана көріп-білеміз.

Мақтанып-масаттанудан жаны ада, қашанда тынымсыз тірліктің ортасында жүретін, жүрегі мейірімді, ісі қайырымды Расул бауырымызды еске алғанда, көз алдымызға орта бойлы, иманжүзді, ақжарқын мінезді азаматты елестетеміз! Адами болмысы ерекше еді... Еңсесін еңбекпен тіктеп, ұрпақтарына да адал жұмыс істеуді, тек алға ұмтылып, қоғамға қызмет етуді үлгі-өнеге еткен Әбүтәліп аға мен Бақыт апа ел үшін туып, елге еңбегі сінген ұлдары Расулдан ердің жасы – елуге толарына небәрі тоғыз күн қалғанда айырылып қаламыз деп ешқашан ойламағаны анық.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қосқан үлесі өз алдына, қарапайым тұрғындардың талап-тілегі мен мұқтаждықтарын мінберден жеткізіп отыратын еркін ойлы, қаншама үлкен істерге ұйытқы болып жүрген қайсар жанның халыққа әлі де берері көп еді.

«Үглесбыт» серіктестігін құрып, жұмысын жандандырып, талай жыл табанды еңбек етіп, елге елеулі қызмет жасады. Өзінің ашық-жарқын мінезімен үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарады.

Маңдай терімен тапқан несібесін елмен бөлісіп, көптің қуанышын көру үшін аянып қалмаған ардақты аза-

маттың көптің игілігі үшін жасаған қамқорлығы халыққа аян.

Тындырымды тірлігімен көпшілік алғысына бөленген ол қоғаммен тығыз қарым-қатынас орнатып, қиын кезеңде қашанда елдің мәселесіне ерекше мән беріп, талай жаңға қолдау көрсетіп, халықтың алғысына бөленді. Қайырлы ісі мен адамгершілігі, жомарттығы үшін көпке құрметті болды. Мәселен, облыстық мәслихат депутаты ретінде Сырдария ауданына қарасты «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасына енгізілген кент және мекеніндегі көшелерді қайта жаңғыртуға және Ақжарма ауылдық округінің көшелерін жөндеуге қажетті қаржы қаралды.

Сонымен бірге, тұрғындарға қажетті Сырдария ауданындағы ескіріп, тозығы жеткен УЗИ аппаратының мәселесін көтеріп, нәтижесінде Сырдария аудандық ауруханасына УЗИ аппараты сатып алынды. Одан бөлек, ауданның елді мекендерін газдандыру, «Сырдария» спорт клуб ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру, жарықтандыру, көшелерді орташа жөндеуден өткізу, жаяу жүргіншілер жолы мен мектеп құрылысын салу сияқты мәселелерін де мінберде көтеріп жүрді. Халық қалаулысы ай сайын жұмақжар отбасыларға азық-түлік тарататын. Аудан тұрғындарын құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп, ауданның бірнеше елді мекенінде, кент орталығында көпбалалы отбасылар үшін тұрғын үй құрылысын жүргізді. Пандемия кезінде халық денсаулығын қорғауда ауруханаға қажетті медицина-

налық жабдықтар алып беріп, науқастарға дәрі-дәрмекпен көмектесті. Осындай ізгі қасиетінің арқасында Президент Жарлығымен «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Туған елін түлетуге, өңірімізді дамытуға атсалысқаны үшін «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді.

2020 жылы «Жомарт жүрек» аудандық кезені бойынша «Жыл меценаты» номинациясымен, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Үш рет аудандық мәслихаттың, екі рет облыстық мәслихаттың депутаты атанып, елдің сенімін арқалады. Есімі кітаптарға енді, еңбегі республикалық, облыстық, аудандық газеттерде дәріптелді. Өзі туып-өскен, азамат болып қалыптасқан Сырдария ауданының Құрметті азаматы атанды.

«Өмір барда – өлім бар, өзгеру бар. Өлмес өмір жоқ, Сынабас темір жоқ. Бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады. Тек мәңгі бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі» деген Қорқыт бабадан қалған дана сөз бар. Яғни, адамның артында қалған ізі, ол – жасаған ісі. Іс те өз мақсатына қарай бағаланады. Ол бағаны да өзін қоймайсың, қоятын өзгелер. Әділ бағаны беретін Уақыт пен Халық – қашанда қатесіз сыншы! Расул әріптесіміз өмірден өтсе де оның ізгі істері ел жадында сақталып, ұмытылмайтыны, керуен көші жылжыған сайын, оның азаматтық тұлғасы биіктей беретіні сөзсіз.

Ол өлім түгілі өкпеге қимайтын нағыз ақсөңгіл азамат еді. Амаал нешік бәріміз оң мен түстің ортасында жүргендей аяқ астынан болған қайғылы қасіретке көңілімізді сендіре алмаймыз. Бірақ тағдырдың салған салмағын көтермексе шарамыз жоқ.

Тас түскен жеріне ауыр. Өріне, ұмыта алмайсың, сағыныш сазы жүрегіңді үнемі тербеп тұрады. Ол жай адам емес, халықтың ауыр жүгін арқаалаған халық қалаулысы еді. Ойлаған мақсатына жете алмай, дүниеден озды. Бір кем дүние деген осы шығар сіре?!

Енді, міне, Расул бауырымыз туралы өткен шақпен сөйлейтініміз қиынжылда. Пенденің қолынан басқа не келеді?! Дұғамызды оқып, іштей Құран бағыштаймыз.

Осындайда Әбіш Кекілбаевтың «ештененің қадірін білмеген, ешкімді де қарық қылмайды. Құдай тек сондайлардың бетін аулақ қылғай! Ал өткенімізде Жақсылардың болғанына сенетін адам бүгінде Жақсылардың барына сенеді. Ал Жақсылардың барына сенетін адам өзі де Жақсы болуға тырысады. Ал Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ. Ал Жақсылық жасаудың жаман атқа ілігуден аулақ болудан басқа жолы жоқ. Ләйім, әрқайсымызды, бәрімізді, жалпақ жұрт жамағатымызды Жаманаттан, Жаман Аттан сақтағай! Жақсы тілегімізді жөн тындап, жөн түсінер Жақсы құлақтар мен Жайсаң Жүректер көбейе бергей!» дегені еске түседі. Уақыт шіркін бәрін ұмыттыратын болар. Дегенмен, Жақсыларымызды қадірлей білгеніміз өзімізге құрметпен қарағанымыз болар.

Халқымыз арауақ еске алған сайын бір аунайды деуші еді, ағайын-туыс, ұрпақтары мен әріптес-қызметтестері еске алып жатқан аяулы әріптесіміз, ардақты бауырымыздың алды пейіш, арты кеңіш болғай! Алла алдынан жарылқап, жұтқан жері жайлы, арты қайырлы болғай. Ендігі жерде марқұмның қалған өмірін, қызығын артында қалған ұрпағына берсін! Ағайын-туыс, ел-жұрты аман болсын деп тілейік.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
облыстық мәслихат
хатшысы

Сағынышпен еске алады ата-анан



туған жерді түлетуге атсалысты. Айналасына шуағын төгіп, қамқөңіл болған жандарға жанашыр болды. Ел-халықтың батасын алып, көтеріп-көктейді.

Шүкір, Алланың берген несібесін ең алдымен қарапайым халықтың қамына жаратуы оялады. Өнегелі өмірімен артында қалған бала-шағасының жүрегінде қалды. Ата-анасының атына тек қана жақсы сөз айтылды. «Атадан жақсы үл туса, есіктегі басын төрге сүйіре» дегендей, біздің орнымыз қашанда төр болды. Өткен, жүргенімізді қан жылтатқан қаза көрген түстей болып отыр. Небәрі 49 жыл ғұмыр кешкен Расулжанымыздың әлі де ойлаған мақсаты мен жоспары көп еді. Ендігі жерде әкесінің ізін жалғайтын балаларына, ұрпағына Алла ұзақ өмір берсін деп тілейміз.

Сағынамыз, сарғаймыз жабыға, Қайғы-мұңды көтерерміз жабыла. Ертелі-кеш сені ойлаймыз қамығып, Көзімізден ыстық жастар ағыла. «Мейірімді Алла баламызды өз панасына алып, жанын жәннатта ете гөр» деп дұға етеміз. Алдың пейіш, артың кеніш болсын, жан балам!

Барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаранға Есенов Расул Әбүтәліпұлының өмірден өткеніне 40 күн толуына орай Сырдария ауданы Теренөзек кенті, Ә.Тоқбаев көшесі №40-үйде 25 қараша күні сағат 15.00-де қонағасы, 26 қараша күні сағат 11.00-де құдайы-асы берілетінін хабарлаймыз.

Еске алушылар ата-анасы, бауырлары, жұбайы, балалары мен немерелері

Ардақты азамат еді



Дос деген ұғым кейде бауырдан да жоғары, туыстан да жақын болады. Біз мұны Расул Есеновтей ардақты азаматпен сыйлас дос, жолын әріптес болғанда ұғындық. Ол досқа қадірлі, әріптестеріне сыйлы, ардақты азамат еді.

Қамшының сабындай қысқа өмірді кейде қамшының сабына да қысқа ма деп ойлаймыз. Досымыз енді ғана ұл-қызының қызығын көріп, еңбегінің жемісін сезінер кезде бақилық болып, келместің кемесіне мініп кете барды. Бұл ауыр қаза бізмізді есенгіретіп, тауымыз құлағандай, туымыз төмен түскендей күйде жүріміз. Расул бауырымыз расында да досымыз, сырласымыз, жана-шырымыз, қолдаушымыз еді. Ол ешкімді болып-жармайтын, бәрімен тең сөйлесетін, еркін араласатын,

бәріне көмек көрсетуге, қолдауға дайын тұратын. Біз Расулдай көпші, кеңпейіл замандас досымызбен мақтанатын да, марқатын да едік.

Ол өмірінің соңғы жылдарында көп қайырымдылық іс-шараларына қатысып, көптеген игі істерді атқарды. Қоғамға мол шапағатын төкті. Ортамызда жайрандап, жарқырап жүрген жам-позымыздан айырылып қаламыз деп кім ойлаған?! Санаулы ғұмырында жүректерде өшпес із қалдырған замандасымызды сағына еске аламыз. Ардақты азаматтың рухына Құран бағыштаудан басқа қолдан келер қайран жоқ. Бауырымыздың иманы жолдасы, жайы жұмақта болсын деп тілейміз.

Бауырмал, жанашыр ең бәрімізге, Бір еді арман-мақсат, әніміз де. Айырылып қаламыз деп ойладық па, Өмірге мұң шағамыз бәріміз де.

Ойлаушы ең туып-өскен ауылды, Сен жоқсың арамызда, ауыл мұңды. Жабығып қол жаймаз Жаратқанға, Жұмақпен жарылқа деп бауырымды.

Еске алушылар қызметтес достары, бауырлары.

«Қызылорда облысы Құрылыс комплексі және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Арал ауданы «Т-Т Құрылыс сервис» ЖШС-ның басшысы

Бисембаев Темір Алдажұмаұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Садық МҰСТАФАЕВ,
«Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» ЖШС директоры:

«МЕН КЛУБТЫ ҚАРЫЗҒА КІРГІЗБЕЙМІН»

– Садық Шоңмұрынұлы, биылғы маусым бітті. Қорытындысын айтып өтіңізші. Қандай қиыншылықпен кездестіңіз? Былтыр «Қайсарға» 1 млрд 200 млн теңге бөлінді. Бұл – қомақты қаржы. Бірақ 400 млн теңге қарыз қайдан шықты және клуб кімге қарыз?

– Жылдың қорытындысы бәріне мәлім. Артқан сенімді ақтап, премьер-лигаға шықты. Маусым бойы жанын салып ойнаған ойыншыларға, оларды қыран құстай баптаған бапкерлерге және өзге де клуб қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының мені осы қызметке шақырғандағы мақсаты – клубты ел чемпионатына қайта қосу болатын. Бағымызға орай, сенім үдесінен шықтық деп ойлаймын.

Ал қарыз әлі де күн тәртібіндегі мәселе. Өйткені, бұл – былтырдан келе жатқан қарыз. Биыл да қарыз болдық. Енді ол қайдан пайда болды? Бұл – айлық пен салықтың қарызы. Бұл – басқарма мен клуб басшысының шікілігі. Өйткені, бюджетті қорғайтын кезде ойыншыларға 200-300 мың теңгеден немесе бір-екі ойыншыға 500 мың теңгеден деп айлықты белгілей салады. Бюджетті сөйтіп қорғап шығады. Барлық мәселе осында жатыр.

Мысалы, биыл 604 млн теңге бөлім де, мақсатты премьер-лигаға оралу деп қойды. Ал енді қазір қараның, ел чемпионатына шығатын команда тәуір ойын көрсету үшін тәуір ойыншылар қажет. Ол үшін жобамен он ойыншы алдың делік. Әрқайсысының айлығы шамамен 1-2 млн төңірегінде болады. Себебі командалы өрге сүйрейтін, тәуір нәтиже көрсете алатын ойыншылар аз ақшаға келмейді. Енді қараның, жаңа маусымда келісім-шартты орындай бастаған сәтте бағаналы мәселе шығады. О баста белгіленген 200-500 мың теңгеге кім келеді, кім ойыншы?

Ел арасында «ой, шетелден легионер алмай-ақ қойса да болады. Кез келген ойыншыны алаңға шығарса, тәуір ойнайды ғой» деген жақсақ пікір бар. Алайда ол олай емес. Легионерлер керек, тек оның бәрін дұрыстап есептеу қажет. Қазір бәріміз үлкен спортқа шапқылап кеттік. Мәселенің бәрі тек «Қайсардың» төңірегінде жатыр. Айналып келіп соны сынаймыз, соны сөз етеміз. Олай болмау керек. Бұған қатысты мен бір ғана нәрсе айтар едім. Бізге қосалқы құрамды жақсылап жасақтап, жасөспірімдерімізге назар аудару керек. Соларға жағдай жасап, ақша құю қажет. Сонда клуб тәрбиеленушілері команданы аяқтан тұрғызады әрі мынадай миллиондаған қарыз шықпайды.

Бір мысал айтайын. Мәселен, біздің футбол орталы-

1-бет

ғымыздың бүгінгі нәтижесі көңіл көншітерлік емес. 6 жасқа дейінгі балалардың арасындағы чемпионатта ең төменгі орында келе жатыр. Өйткені оған назар аударып жатқан ешкім жоқ. Қазір бұдан бөлек, клубтың қосалқы құрамы мен «Байқоңыр» командасының да жағдайы мүшкіл. Өз лигаларында турнирлік кестенің соңғы орындарында тұр. Осыны көріп қалай ішін ашпайды?

Қараңызшы, кезінде «Байқоңыр» командасын «Қайсардың» резервін дайындаймыз деп, сол идеяны алып келген өзім едім. Оған мән берілмей, жөніне қалды. «Судың да сұрауы бар». Бұған дейін қаншама қаржы бөлініп тұрған, бірақ оны ешкім қадағаламаған. Міне, осындай айта берсең кемшілік көп. Мысалы, былтырғы қаражат қандай керемет болды. Ал онда кеткен кемшіліктер – сол кездегі клуб басшысының мәселесі.

Оған олай-бұлай деу менің ісім емес. Оған баға бере алмаймын. Өздеріңізге белгілі, биыл жеңілі орындап, чемпионатқа шықтық. Менің ендігі мақсаты – былтырғы және биылғы қарыздардан құтылу. Егер алда осы басшылық қызметте отырсам, мен клубты қарызға кіргізбеймін. Оған үде берем.

Өйткені ол қарыз аспаннан салбырап түспейді. Оны жасайтын басшы, қадағалайтын басқарма.

– «Қайсардың» жанкүйері ретінде ара-тұра ойын көруге барамыз. Сонда жанкүйерлер «Қайсар – бір көтеріліс, бір түсіп жүретін лифтов ойыншылар» деп жатқанын құлағамыз жәй шалабы. Бұл атаудан қашан құтыламыз?

– Мен ойын болып жатқанда вип-трибунада емес, жанкүйерлердің арасында отырамын. Бұл пікірді менде естіп жүрмін. Бірақ жаңа айтқанымдай, «Қайсардың» жас-тар құрамасын қашан мықты қыламыз, сонда ғана еңсе тіктеп, бұл атаудан құтыламыз. Үміт – болашақ жасөспірімдерімізде. Мен күштің бәрін соларға салғым келіп отыр. Оның да артықшылығы бар. Біріншіден, қарызға бұлай белше-мізден батпаймыз. Екіншіден, мықты резерв жасақтаймыз. Сол арқылы үлкен айлық талап ететін ойыншыларға түседіліктен арыламыз. Олар да кейін тәуір айлық алап, алайда, оған дейін біздің жаңа буын олардың орнын басуға дайын тұрады. Мысалы, «Қайрат» клубы өзінің академиясын ашып, жасөспірімдерін аяқтан тұрғызып алды. Жыл санап, шетелдік ойыншыларға түседіліктен арылып жатыр. Біз резервті ретке келтірсек, болашақта «Қайсардың» жағдайы да сөзсіз жақсаралы.

Екінші, бізге қаражат мәселесін ерте шешкен жөн. Қараңызшы, бізден ұтылған «Жетісу» командасының бюджеті 1 млрд 200 млн теңге. Оларға чемпионатқа шығуға тапсырма берді. Ал біз олардың ерлігін қайталап, 604 млн теңгеміз шықтық. Енді айырмашылығын қараның.



Қарапайым трансферлік тере-зеңіп кезінде олар он ойын-шысын бір-ақ ауыстырды. Ал бізде бан тұрды. Ойыншылар ауыстыру былай тұрсын, өзге командаға жібере де алмадық. Өйткені қосалқы құрамға қосар өзге аламымыз жоқ. Қазір футболдың жүйесі өзгерді. Трансфердің өзіне ойлағаныңнан көбірек ақша жұмсайсың. Айлығы екібастан. Айлығы аз деп жергілікті ойын-шаларды ала берсек, біз еш-қашан өспейміз. Тәуір нәтиже көрсете алмаймыз. Легионерлер қажет. Ал оның барлығы тағы да ақшаға келіп тіреледі.

– «Бан» деп қалдыңыз. Көптің көңіліндегі алаң – осы. Келер жылы да банға кіріп кетпейміз бе?

– Жок. Қарыз мәселесі қазір облыс әкімінің тікелей бақылауында. Шешілу жолы қарастырылып жатыр. Кезең-кезеңімен шешетін боламыз. Егер қарызды толықтай төлеп үлгермесек, маусымда чемпионатты минус 9 ұпаймен бастаймыз. Қазіргі мақсатым – жыл аяғына дейін халықаралық футбол федерациясының бізге қойған банын алдырту.

– «Қайсар» бұрын ел чемпионатындағы жергілікті ойыншылардан құралған негізгі құрама болатын. Сол үрдіс неге бұзылды? Үкімет-тен қомақты қаржы бөлінеді. Оған алыс-жақын шетелден легионерлер алынады. Бірақ нәтиже сол баяғыдай. Команда ойыны көбіне сүреңсіз. Алдағы маусымда сіз де легионерлер аласыз ба?

– Жергілікті ойыншылардың үзілуіне түрлі себептер әсер еткен болар. Нақтысын айта алмаймын. Мүмкін ол кездегі ойыншылардың өзіндік себебі не клубпен қарым-қатынасында түсінбеушіліктер болған шығар. Мүмкін, бапкер ойынға қоймады, мүмкін бабы келіспеді ме, кім біледі? Бізде жылдан-жылға резерв азаюда. Биылдың өзінде екі баламыз «Қайратқа» кетті. Неге кетті? Өскісі келді. Оның үстіне жағдай жасалды. Ал бізде жағдай мәз емес.

Екінші мәселеге келсек, нәтиженің нашарлығы бас

бапкерден де болуы мүмкін. Мәселен, бізде ойыншы-лардың оқу-жаттығу жиындары Түркияда өтеді. Ал ойыншылар онда жақсылып тынығып барады. Сөйтіп тәуір ойын көрсетіп, шеберлігін дәлелдейді. Өйткені ол өзін көрсетіп, өткізу керек. Бір жағынан агенттер де клиенттің мақтауын келістіреді. Сонда көзге түскен ойыншылармен клуб келіссөз жүргізіп, сатып алады. Алайда ол жаракатын жасыруы мүмкін не мұнда келген соң ауа райына шыдамай жатады. Сөйтіп, әйтеуір бір кемшілік шыға-ды. Ал жоғары деңгейлі жат-тықтырушылар мұндайды қалт жібермейді. Мықты менед-жерлер келесі жылы алатын ойыншыны быылдан бастап іздейді. Шетелде іс осы-лай жүргізіледі. Ал біздің кемшілік сол, келер жылы қанша қаражат бөлінетінін біл-мейміз, оны білмегесін қандай деңгейдегі ойыншыны ізде-рімізді білмейміз. Осының бәрі аяққа тұсау болады. Сосын келіп әр клуб ойыншыны оқу-жаттығу кезінде жағдайына қарап алады. Сүреңсіз ойын осыдан шығады. Трансферге келсек, келер маусымда жаңа ойыншыларды қатарға қосамыз. Оны бапкермен ақылдасатын боламыз. Әзірге тек шетелдік шабуылшы мен қорғаушымыздың келісім-шартын ұзарттық.

– Мақсат Байжанов быыл спорттық мансабын аяқ-тады. Енді клубқа келіп, жаңа қызметтің тізгінін ұстайды екен. Ол клубқа қандай қызмет атқарады? Сонымен қоса, жерлес Ахмет Тазыбергел, Жасұлан Молдақараев, Шоқан Абзалов, Думан Нәзілдаевтар коман-даға орала ма?

– Мақсатқа клубтың спорт директоры қызметін сеніп тапсырғалы отырмыз. Ол – «Қайсардың» жай-күйін өзге-лерден әлдеқайда артық біле-тін адам. Оның үстіне, жүріп өткен жолы, оның біліктілігі көп футболшыларға үлгі. Таң-дауымыз сондықтан Мақсатқа да. Ал қалған ойыншыларға келсек, оларды қайтару туралы

ой жоқ. Әуелгіде болған. Алайда олардың қазір доп теуіп жүрген клубтарының өзі бергісі жоқ. Өйткені тәуір ойын көрсетіп жүр. Олар деңгейі әлдеқайда жоғары клубта ойнағысы келсе, тәуір ақша алғысы келсе, оған неге кедергі болуымыз керек? Кезінде Мақсатты да бердік қой. Сол аралықта өзін дәлелдеп, біршама жетістіктерге жетті. Ал клубқа көмек керек кезде түлеп ұшқан командасына қайта оралды, қолдан келгенше көмектесті. Қазір бізге осы жігіт-тердің ізін басатын ойыншылар дайындаған жөн емес пе? Міне, менің ойым – артқа елеңдемей, жаңа буынды дайындауға күш салу. «Қайсардың» негізгі мақсаты да – осы.

– Көптеген елдің чемпио-натына көз салсақ, ел лигасын немесе кубогін жеңіп алған команда кемі 4-5 жыл жасақсы ойын өрнегін жоғалтпай, лиганың үздік жетістігінен түспейді. Біз 2019 жылы команда тарихында екінші рет Қазақстан кубогін жеңіп алдық. Содан бергі команданың нәтижесі көз алдымызда. Тәуір нәтижеге қол жеткізу үшін жасақсы бапкер қажет. Клубқа жаңа бапкер қарастырып жатсыздар ма, әлде Сұлтан Әбілдішев қызметінде қала ма?

– Жалпы, премьер-ли-гаға жолдама алғаннан кейін жанкүйерлер алдында жауап-кершілік жоғарылай түседі. Командаға қазір білікті, тә-жірибелі жаттықтырушы қажет. Соған сай қазір 5 бапкерді үміткер ретінде қарап отырмыз. Мысалы, белгілі жаттықтырушылар Талғат Байсуфинов пен Виктор Кумыков секілді бапкерлер назарымызда. 12 желтоқсанға дейін келіссөздер оң шешімін тапса, жанкүйерлерге жағымды жаңалықты жеткіземіз. Сондай-ақ, жергілікті маман Сұлтан Әбілдішевтың еңбегін ерекше бағалаймыз. Ол өңір футболын дамытудағы қызметін одан әрі клубтың структурасында жалғастырады, яғни, екінші лигада бәт сыналатын «Қайсар-дың» жастар құрамын жаттық-тырады. Оған келер жылы жас командалымызды бірінші лигаға шығару міндеті жүктеліп отыр.

– Айтпақшы, тренерлер штабында сырттан келген бапкер көп. Баяғы Телеухан Тұрмағанбетов, Марат Есму-ратов, Қаландар Ахмедов, Қайыржан Әбуов секілді білкі-ті жерлес бапкерлер басқа командаларда қызмет етіп жүр. Оларды қайтару, коман-дағы тарту ойда бар ма?

– Мұның ішінде бірнеше бапкерге «елге келем дейтін болса, «Қайсарға» көмектесікі келсе, есігіміз әрдайым ашық» деп жігіттер арқылы хабарласып көрдім. Алайда кері байланысқа ешкім шыға қоймады. Түсінем, олардың да отбасылық жағдайы бар. Жұмыс жайы екібастан. Оның үстіне «Қайсардың» ка-зіргі қиын жағдайда тұрғанын бәрі біледі. Миллиондаған қарыз, кейінгі жылдардағы ко-манданың сүреңсіз ойыны – шешім қабылдауда әсер етпей

қоймайды. Айтарым – осы ғана. Өзімізде де жас бапкерлер бар. Тек соларға біліктілігі жоғары бапкерлер әкеліп тә-жірибе алмастыру керек. Ал бұл жұмыстар жүзеге асқанда «Қайсардың» болашағы жарқын болмақ.

– Бізге Мақсат секілді тәжірибелі футболшылар керек. Қазіргі қосалқы топтың жағдайы қалай, жастар қалай осуде? «Қайсардың» қосалқы құрамы мен «Байқоңыр» командасында қанша қазақ балалары жүр? Оларға қашан мүмкіндік беріледі?

– Орынды сұрақ. Бірақ мынаны ескеру керек. «Қай-сардың» қосалқы құрамының да, жастар құрамының да кейінгі кездердегі нәтижесі төмен. Онда жастарды жат-тықтыратын бапкерлерге мән берілмей келеді. Олардың біліктілігін көтеру керек. Осы кемшілікті жөндемей, негізгі құрамға біреуді қоса қоямыз деп айта алмаймын. Бәрі – уақыт еншісінде. «Көш – жүре түзеледі». Алдағы жылдары осы мәселелерді бірың-ғаландырып, шәкірттеріміздің шеберлігін жаңа деңгейге көтеріп жатсақ, негізгі құрамға неге қоспасқа? Мақсатты жаңа қызметке қоюдағы бір ойлағанымыз – осы. Жас буынға мотивация болсын, бір жағынан бағыт-бағдар берсін деген ниет мұның бәрі.

– Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев стадион салы-натынын айтты. Алдағы маусымға қандай мақсат қойып отырсыздар?

– Келесі жылғы мақсат – үздік алтылықтан түспеу. Әуелі мына жайтты айта кетейін. Биыл Қазақстан кубогінен финалға шығуға дейін мүмкіндігіміз болды. Бірақ қазақ «Көрпене қарай көсіл» дейді ғой. Шама-шарқымызға қарадық. Мәселен, чемпионатқа қарызымыз қан-шама? Оның үстіне барып, кубокке қарыз болсақ, неміз қалады? Мысалы, ел кубогінде Батыс Қазақстанның командасы финалға дейін жетіп, екінші орын алды. Алайда, премьер-лигадан ұшып кетті. 2019 жылы бұл күйді біз де бастан өткердік. Есімізді енді-енді жинап келе жатырмыз. Биыл біздің алдымызда таңдау тұрды. Біз әлімізге қарай әрекет етіп, ел чемпионатына шығуды тандадық. Нәтиже айқын. Енді алдағы жылы өзіміз қатысатын әр турнирде жанымызды саламыз. Одан бөлек, жас-өспірімдеріміздің бабын келіс-тіріп, бәсекеге қабілетті резерв дайындауға күш жұмсамақпыз. Енді ең басты жаңалық, сәтін санса, 2024 жылы «Қайсардың» футбол академиясын құру жоспары тұр. Ниет – сол арқылы үздік үштіктен түспейтін, әр кубокке таласа алатын, елдегі беткеуестар клубтың біріне айналу.

– Сәтін салсын. Сұхба-тыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»



Қатардағы футбол бәсекесі тосын жағдайлармен ерекшеленіп жатыр. Өлемнің алдыңғы қатарлы құрамасы – Аргентина алғашқы кездесуінде Сауд Арабиясынан жеңіліп, теңбіл доп тартысын тамашалаған төам елді бір дүрліктірді. Қалған ойындар да жанкүйерге өз қызығуын сыйлап жатқан жайы бар.

АЗУЛЫЛАР «АЛДАНЫП» ЖАТЫР

Алғашқы минуттан аргентиналық футболшылар тізгінді өз қолына алуға тырысқан еді. Десе де, оған Сауд Арабиясы жол бере қойған жоқ. Ойынның 10-минутында аргентиналық Лионель Месси пенальтиден есеп ашты. Бірінші кезеңде бұдан кейін таблодағы есепке өзгеріс енген жоқ.

Екінші кезеңде Сауд Арабиясы құрамасының белсенділігі байқалды. Олардың ойын өрнегі түрленіп шыға келді. Нәтижесінде 48-минутта Салех Аль Шехри таразы басын теңестірсе, Салим Аль-Давсари 53-минутта өз құрамасын алға шығарды.

Айта кетсек, екі құрама бұған дейін төрт мәрте кездесті. Олардың барлығы жолдасыз кездесу есебінде өткізілген. Жеңістің қолдан сусып бара жатқанын түсінген Аргентина алға қарай ұмтыла түсті. Дегенмен дйттеген мақсатына жете алмай жат-ты. Осылайша Сауд Арабиясы қарсы-ласын 2:1 есебімен қапы қалдырды.

Бұл Сауд Арабиясы халқы үшін үлкен қуаныш болды. Король Сальман бен Абдель Азиз Аль ұлттық құраманың осы жеңісін тұрғындар атап өтуі үшін сәрсенбіні демалыс деп жариялау туралы шешім қабылдады. Аргентина құрамасының капи-таны Лионель Месси сәтсіздік жөнінде пікірін білдірді. «Бұл барлығы үшін ауыр соққы болды. Жанкүйерлер үшін де, біз үшін де. Біз турнирдің бастауында мұндай сәтсіздікті күткен жоқпыз. Алға қойған мақсатымыз – жеңіске жету, үш ұпайды олжалау. Ол жаңыңа жайылық береді. Мұндай жағдай ойлағандай бола бермейтіні тағы бар. Қарсылашымыз қалай ойнайтынын жақсы білдік. Асығыстық таныттық» деді аргентиналық футболшы.

Аталған топтағы тағы бір кез-десуде Мексика және Польша құра-малары 0:0 есебіне қанағат білдіріп тарасты.

Ал D тобында сынға түсетін Франция бірінші кездесуінде сүрінген жоқ. Австралиямен ойынында алғаш-қы болып өз қақпасына гол жіберіп алды. Одан кейін француздық жүл-дыздар қатарынан төрт мәрте қақпаны дәл көздеді. Нәтижесінде қарсыласын 4:1 есебімен сүріндірді.

Сондай-ақ, аталған топта Дания мен Тунис 0:0 есебіне қанағат білдірді.

Кеше кешке тағы бір футболдағы тарихи оқиға тіркелді. Даңқы жер жарған «неміс машинасы» жапон-дардан жеңілді. Есеп – 1:2.

Байқасаныз, тап осы футбол дола-сының дүрмегі күтпеген оқиғалармен айшықталып жатыр. Германия-Жа-пония бәсекесі туралы толығырақ және өзге де ойындар бойынша ал-дағы нөмірде кеңірек ұсынатын боламыз.

«СБ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Әли Нұр Орда» бөбекжай бақшасы мекемесінің жалғыз құрылтайшы шеші-мінің 2022 жылы 23 қараша күнгі №08 хаттамасына сәйкес, Қызылорда қаласы, Ге Бон У №23 мекен-жайда орналасқан «Әли Нұр Орда» бөбекжай бақшасы мекемесі өкілеттілігін Қы-зылорда қаласы, Саяхат ш.а., Абылай Айдосов көшесі №1А үй мекен-жайда орналасқан «Әли Нұр Орда» бөбекжай бақ-шасы мекемесімен бірігуіне байланысты қызметін тоқтатады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИЯ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-рыс бойынша төленеді, қолжазба еңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар жетпейтін түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	www.instagram.com/syrboyi_kz Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 24705	Тасырыс №1636
Кезекші редактор Әділжан ҰМБЕТ			